№44 (52) / ШІЛДЕ / 2025

SARASÓZ

Әдеби-қоғамдық, мәдени-ағартушылық журнал



Мәдениет саласының үздігі
Мереке АЙДАРША

Директор-Бас редактор
Гүлжаз ҚАРЫБЕК

Дизайны: Бекжігіт СЕРДӘЛІ
Қатегері: Гүлсім ЕЛУБАЙ
SMM-менеджер: Еңлік ҚАЛДАРХАН
Суретші: Мұрат ШАХАНБАЙ

Редакцияның мекен-жайы:
Түркістан қаласы
Бортөбе көшесі, 33-үй
Тел: +7 702 839 86 88
Электронды пошта:
gulastana100@mail.ru

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды қайта есепке қою туралы куәлігі № KZ81VPY00049690
27.05.2022 ж. берілді
Меншік иесі: ЖК "Қыдықбекова Г.К."

Журнал "Print Houze Gerona" ЖШС баспаханасында басылды.
Мекен-жайы:
Алматы қаласы, Сәтпаев көшесі, 30А/3

Мақала авторының көзқарасы редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. "Сарасөзде" жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, журналға сілтеме жасалуы міндетті

Таралу аймағы:
Қазақстан Республикасы, Түркия

Таралымы: 1000 дана

Индекс - 74974

www.sarasoz.kz
sarasoz.kz
+7 702 839 86 88
+7 700 098 48 58

МҰҚАБАДА
қолөнер шебері
Мереке АЙДАРША

Редактор бағаны

ЕҢБЕК – ЕЛДІҢ ТІРЕГІ, ЕРДІҢ АЖАРЫ

2025 жыл – Еңбек адамының жылы. Бұл – маңдай терімен күн кешіп, ел игілігіне қалтқысыз қызмет етіп жүрген қарапайым жандардың жылы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Нағыз еңбек адамы – елдің арқа сүйер азаматы. Біз еңбек адамының мәртебесін көтеруіміз керек», – деп атап өткен болатын. Бұл – құр ұран емес, ұлттың ұстынына айналар ұстаным.

«Сарасөз» журналының бұл саны дәл осы идеяның өзегінен нәр алады. Мұқабаға шыққан кейіпкеріміз – қолөнер шебері, нағыз еңбек адамы. Оның өмір жолы – адал еңбектің, көз майын тауыса отырып жасалған ұлттық өнердің жарқын үлгісі.

Біз бұл санымызда еңбегімен елге үлгі болған жандарды ғана емес, тарихпен тұтасып жатқан тағдырларды да сөз еттік. Себебі, биыл – маңызды межелер тоғысқан жыл.

Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл. Қазақ руханиятының темірқазығына айналған хәкімнің ойы мен өлеңі – бүгін де өзектілігін жоғалтпаған шындықтың үні.

Ұлы Жеңістің 80 жылдығы – ел мен жер үшін от кешкендердің естелігін еске салатын қасиетті дата.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу – тарихпен әділетті жүздесудің жолы. Бұл санымызда сол зұлмат жылдардың жаңғырығын жеткізген сырлы естелік, деректі мақала бар.

Сонымен қатар, бұл нөмірде аударма мәтіндер де жарық көріп отыр. Шет тілінен тәржімаланған дүниелер арқылы біз жаһандық танымды жергілікті рухпен сабақтастырғымыз келді.

«Сарасөз» – сөздің салмағын, елдің ар-намысын арқалаған руханият мінбері. Біз үшін еңбек адамы – алтын арқау. Ал руханият, тарихи жады, және әлемдік ой – сол арқаудың өрнегі.

Журналдың бұл санында сіз еңбек пен өнердің, рух пен тарихтың, тағдыр мен танымның тоғысқан тұсын табасыз.

Қадірлі оқырман, ұлттың ұлы мұратын арқалаған әр мақаладан өзіңізге ой, өзегіңізге күш таба білесіз деп сенеміз. Еңбегімен ел сүйгендердің жылы – әр жүрекке жылу сыйласын!

ҰЛТ БОЛМЫСЫ

ҚОЛӨНЕР ЗОР ӨНЕР

ЖЕР БАСҚАН ӘРБІР ҰЛТТЫҢ ӨЗІНЕ ҒАНА ТӘН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ БАР, ОЛ АЛЫСТАН МЕНМҰНДАЛАП КӨРІНІП ТҰРАДЫ.

ТҰРАН ТАБАНЫНДА, БЕТПАҚТЫҢ ҰЛЫ ДАЛАСЫНДА ТУЫП-ЖЕТСЕ ДЕ, АТАҒЫ ӘЙДІК «АЛТЫН ОРДА» ИМПЕРИЯСЫМЕН МҰХИТТАРДАН АСЫП, ҚҰРЫЛЫҚТАРДЫ БАСЫП, ЖЕР-ЖАҺАНҒА, ДҮНИЕНІҢ ТӨРТ БҰРЫШЫНА ЖЕТКЕН ҚАЗАҚ ҰЛТЫН – ЖАТТАН ЖАРА БӨЛІП, БӨТЕННЕН БИІКТЕТІП ТҰРАТЫН ӨЗГЕШЕЛІГІНІҢ БІРІ – ҰЛТЫНЫҢ ҚОЛӨНЕРІ. ҚОЛӨНЕР – ҚАЗАҚТЫҢ РУХЫНЫҢ, БОЛМЫСЫНЫҢ, ТАБИҒАТЫНЫҢ ТАМЫРШЫСЫ ӘМ ӘДЕТ-ҒҰРЫП, САЛТ-ДӘСТҮРІНІҢ, МӘДЕНИЕТІ МЕН БАЙЛЫҒЫНЫҢ АЙҚЫН ҮЛГІСІ.

ҚАЗАҚТЫҢ ТҰРМЫС ЗАТТАРЫ, ҮЙ-ЖАЙЫ, ҚАРУ-ЖАРАҒЫ, ҚЫЗ ЖАСАУЫ, КИІЗ ҮЙІ, КЕБЕЖЕ, САНДЫҚ, АЛТЫБАҚАН, АСАДАЛ, БЕСІК, АҒАШ КЕРЕУЕТ, КІЛЕМ, СЫРМАҚ, АЛАША, ТОҚЫМА ШИ, ЫДЫСТАР МЕН ӘН-КҮЙ АСПАПТАРЫ, ЗЕРГЕРЛІК ПЕН ҰСТАЛЫҚ ОЮ-ӨРНЕК – ҚАЗАҚТЫ ДӨП ТАУЫП КӨРСЕТЕДІ, ЕШКІММЕН ШАТАСТЫРМАЙДЫ.

«ҚОЛӨНЕР – БІЗДІҢ ҰЛТТЫҚ АЙНАМЫЗ, БАЙ МҰРАМЫЗ, САЛҚЫЛМАС ҚАЗЫНАМЫЗ» – ДЕЙДІ ҚАСИЕТТІ ЖЕР, КӨНЕ ШАҺАР ТҮРКІСТАННЫҢ КІЛЕМ ТОҚУ ӨНЕРІНІҢ ШЕБЕРІ, ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТТІҢ «БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ» КАФЕДРАСЫНЫҢ АҒА ОҚЫТУШЫСЫ, МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІГІ, ҚАЗАҚСТАН ҚОЛӨНЕРІШІЛЕР ОДАҒЫНЫҢ МҮШЕСІ, ҚОЛӨНЕР ШЕБЕРІ, МЕРЕКЕ ПОЛАТҚЫЗЫ АЙДАРША.



«Қазір күллі әлемде нанотехнология шарықтап дамып, аспандап алға шыққан, Масктың «teslalары» бұлттарды тесіп ұшып жүрген уақытта – ұлттың есте жоқ, әбден ескірген дәстүрлі қолөнеріне деген сұраныс емес-ау, жалпы, титімдей қызығушылық бар ма?»

Мереке Полатқызына алғашқы сұрағым осы болды. Зады, «жер қозғалса, мызғымас» салмақты кісі ме, ұзақ үндемей қалған оқытушы-шебер сөзін салиқалы сарында бастады...



Мереке Айдарша: – Бәлкім, уақыт орнында тұратын шығар, бірақ, адам баласының ұрпағы ауысып отырады. Қазір технологияны алға апаруға тиіс адамзат буынының мезгілі болса керек. Бірақ, технологияның жаңғыруы – ұлттық қолөнерді қаңғытып жібере алмайды. Керісінше, ұлттың өзіндік қанық бояуы – жалпы адамзатқа ортақ игіліктерге нәр беріп, байытып отырады.

ҚОЛӨНЕРШІЛІК – ТӘЛІМДІ ТӘРБИЕШІ

– Қолөнерден баю мүмкін бе?

Мереке Айдарша: – Байыған – дұрыс. «Қолдан келсе, қоныштан бас» дейді қазақ. Бірақ, байлыққа жетудің әдіс-тәсілдерімен бірге – міндетті шарттары бар. Мәселен, ата-анамыз «Ешкімнің ала жібін аттама» деп өсірді, өзімізді. Демек, адал еңбек, табан ақы, маңдай теріңмен әлемнің ең бірінші бай адамы болуға да рұқсат.

Қазақтың қолөнершілігі алғашқы шарты да осы – өз қолыңмен жасалған адал еңбек, адал нан. Сосын, қолөнердің екінші қанаты – сабыр мен төзім. Қай-қай бұйымды немесе затты ұлттық қанық бояуда табиғи сұлу да сымбатты қалпында жасау үшін телегей сабыр мен теңіздей төзім керек. Яғни, қазақтың қолөнершілік кәсібі – нағыз тәлімді тәрбиеші. Бұл тамаша «тәрбиеші» ұрыспайды, жекімейді, ренжімейді, бірақ, тек, сабырдан сырғанап, төзімнен тайсаң – илікпейді, ілікпейді, жібімейді, ойыңдағы оймақтай дүние шықпай қояды...

– Ортекедей орғыған бұл асау өнер әрі кәсіп – сізге де оңай ұстатпаған секілді...

Мереке Айдарша: – Ештеңе қиындықсыз өздігінен келмейді. Бірақ, мен «Өзімді тағдырында жолы болған адаммын» деп есептеймін.

Өзім бүгінгі Түркістан облысының Отырар ауданына қарасты Көксарай ауылында көпбалалы отбасында туып өстім. Екін-





ші Дүние соғысының майдангері болған атамның ақындық өнері болды. Ал, әкем тәулік бойы қазақ радиосын сөйлетіп қойып, тек қазақ әндерін тыңдайтын. Аталған екі жағдай мені де өнердің өрісіне сүйреді. Жастайымнан ән шырқауды ұнаттым. Ә дегенде, ауылдастарым мені «қолөнерші» емес, «әнші» деп таныды. Қоңыр домбыраны өз бетіммен үйрендім. Кейін мектептегі музыка сабағынан Салман ағай қазақтың дәстүрлі әндерін сезіммен, бояуын жоғалтпай домбырамен орындауға баулыды.

Алғашқы аққанат арманым зәулім сахнада үлкен оркестр құрамында домбырамен күй орындау болды. Дегенмен, домбыра тартуды жақсы үйреніп алып, қабілетімнің бұл өнерді меңгере алатындығыма көзім анық жеткесін, балалық албырттық па екен, тез суып, сабама тез түсе қойдым. Өзімше бойжетіңкіреп, ақылым толысқандай сезініп, журналист болуға көңілім ауды. Аракідік ұлт-аспаптар оркестрінің дерижері болу аңсарым да біржола жойылып кетпей, «бас көтеріп» қоятын еді.

Жоғарғы оқуда «Көркем тоқыма» бөлімі бұйырып, тағдырымда тоқымадан нан жеу бұйырды. Бір айтарлығы, жолымда жақсы адамдар көп кездесіп, қолтығымнан демеді, кеудемді пәсейтпеді.

Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Шымкент қаласындағы бөлімшесінің «Көркем тоқыма» бөлімінде оқып жүріп, түскиіз, кілем тоқу дәстүріне шындап ден қойдым. Сөйтіп, габелен де тоқып, киіз басып, ұлттық құндылық өнеріне тоқтадым.

АЛТАЙ ҚОРҒАНЫНАН ТАБЫЛҒАН КІЛЕМ ТОҚУ ӨНЕРІ – ҚАЗАҚТІКІ

– Адамның өткенге, балалыққа, әкеге деген сағынышы таусылмайды ғой, сол сезімдер теңіздегі асау толқындардай тербеткен де шығар?

Мереке Айдарша: – Әрине, дүниенің бәрі бір-бірімен жалғас, бір-біріне жапсарлас қой. Ол кезде ауылда екі үйдің бірінде кілем тоқылып жатады. Анамның абысыны Шарбан апаның қолы шебер кісі болды, үйінде үнемі кілем тоқылып жататын. Өзімнің екінші әпкем суретті сұмдық сұлу қылып салатын, өзі сырмақ тігетін. Киіз басатын анама жүн тарап беретінмін. Үлкендер бізді тамыз айында «Сүмбіледе сұмырай қатын ұйықтайды» деп, ұйықтатпайтын еді...

– «Сүмбілемен алысып жүріп бойжеттік» дейсіз ғой?

Мереке Айдарша: – Шындығы да сол: жоғарғы білім алып жүріп, болашағымды қазақтың қолөнеріне біржола байладым. Өзіме көбіне үлбіреген, қалың, жұмсақ түкті кілем ұнайтын еді, қабатында сырмақ тігумен айналыстым.

Менің көзімнің анық жеткен ақиқаты мынау: кәдімгі кілемді әркім өзіне тартып, жұрттың бәрі «біздікі» дейді. Ал, нақты ғылым кілемнің Алтай қорғандарынан та-





былғанын дәлелдеді, яки, кілем тоқу өнері – біздікі, қазақтікі. Осыны білгесін, мені бұл жолдан қайтаратын ешкім жоқтай көрінді... Мен осы Пазырық қорғанынан табылған кілем элементтерін алып құрап, тоқып шығып Республикалық Шебер конкурысына қатыстым. Байқау шарты бойынша конкурстан жүлдегер атанған шебер шетелге 2 аптаға саяхаттауға бару мүмкііндігіне ие болады.

Дәп осы кезде мен өмірімде бірінші рет қатты қуандым. Қуандым да шүкіршілік еттім. Өйткені, жарық әлемге перзент әкеліп, «ана» атандым. Осы кезеңде қолөнер бойынша шетелге баруым керек болды.

Қызымды дүниеге әкеліп, көп ұзамай қалай шетел кете барамын? Алдымда таңдау тұрды. Бірақ, кеудем күдік пен қорқынышқа толы маған ата-анам да, ата-енем де, жолдасым да түсіністікпен қарап, үлкен қолдау көрсетті. Осыған борыштымын. Дүниедегі ең жақын, ең жанашыр адамдарымның осы бір мейірімді қолдаулары үшін мәңгілік ризамын. Бұл жай қолдау ғана емес, менің күллі тағдырымның тұғырнамасын бекітіп берді, ол – таңдаған қолөнер жолына деген темірдей берік сенімім.

АНАСЫ ҚЫЗЫНЫҢ БАҚЫТЫН СҰРАЙДЫ...

– Тиянақты диплом алған соң, қазіргі жастарға ұқсап, жұмыс іздеген шығарсыз?

Мереке Айдарша: – Кілем тоқитын қолөнершіні ешкімнің іздей қоймағаны рас. Ойламаған жерден Кентауда Арнайы мамандандыру оқу орталығында кілем тоқу курсы барын естіп сол жерге барғанымда мені сол жерге жұмысқа шақырды. Кілем тоқитын қолөнершінің жолы болып, жұмысқа кіріп, қазір жаңғыра бастаған «жұмысшы» кәсібінің қадірін түсіндім. Бір қызығы, түріктерде тұрмысқа беретін қызының жасауын анасы өз қолымен жылдар бойы әзірлейді, әлі күнге дейін. Біз, өкінішке қарай, бұл дәстүр жоғалып кетті, қыз жасауын базарлап кетіп, әзірлеуге дағдыланып алдық.

Түріктің анасы қызының жасауының әрбір бұйымын дайындап отырғанда, Құдайға дұға жасап жалынып, қызының бақытын сұрайды. Қызы болса, төркінін, анасын, туған ошағын сағынғанда анасының қолымен жасалған әрбір затты иіскеп, анасына деген сағыныш-мауқын басады. Мұның өзі ұлттық тәрбиенің құдыреті. Түрік әйелдерінен қолөнердің көп сырларын үйрендім.

Мен жұмыстың қабатында, магистратура да оқып алдым. Бертін келе, түрік бауырлар еліне қайтты. Өзім тынбай ізденіп, шапқылап жүріп, бір күні Кентау қаласында жүннен киіз өнімдерін шығаратын жоба жасап, грант ұтып алып, шағын ғана жұмыс орынын аштым.

ДАРХАН САТЫБАЛДЫ – ҚАЗАҚТЫҢ ЖАНАШЫРЫ

– Сөйтіп, не керек, кілем тоқып-сатып, баюдың тура жолына түстіңіз?

Мереке Айдарша: – Аузыңызға – май, лайым, солай болғай! Турасын айтсам, қолөнердің жалпы болмысы, соның ішінде, кілем тоқу кәсібі – пайдалы бизнестің де, арзан тауардың көзі бола алмайды. Яғни, бұл жерде іскерлік алымдық емес, шығармашылық қабілет алға шығады. Кілем тоқу

өнері – жер қазатын күрек жасау емес. Жұмыс уақытының ұзақтығы мен қиындығын да ескеру керек. Сол себепті, тұрақты түсім мен табыс болмайды.

Соңғы жылдары әкімшілік қолөнер саласына оңды көзқараспен қарай бастады. Мысалы, қазіргі Алматы қаласының әкімі, бұрынғы біздің Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды мырза мені Түркістан қаласындағы бір көрмеде көріп (шікірейіп кәстөммен емес, қарапайым киініп) келіп, жағдайымды егжей-тегжейлі сұрап, қазіргі шеберханамның ғимаратын тегін жұмыс істеуге уәде беріп, ақыры, сөзінде тұрып, уәдесін орындады. Бізде осындай сертінде тұратын сергек, қазаққа шын жанашыр, тәрбиелі әкімдер де бар.

– Қазақтың қолөнерінің болашағы бар ма, қалай ойлайсыз?

Мереке Айдарша: – Ә дегенде, біз шетелдің жасанды жылтырақтарына құмар болдық, енді қазақтың табиғи өнімдеріне бет бұра бастадық. Тоқыма өнері тоқсаныншы жылдары саябырсыды. Баяғыда төрт қыз бір айда бір кілем тоқыды, қазір жастар қызықпайды, жалғыз қыз бір кілемді үш ай тоқиды. Қазір менің шәкірттерім бар, бірақ, көп емес. Бұрынғы бір шәкіртім: «Студент кезімізде бізге қаталырақ қарап, көбірек





ұрсуыңыз керек еді» дейді.

Кәсіпке сұраныс өсіп келеді, бірақ, қызығушылық төмен. Қазақ бар болып тұрғанда – қазақтың қолөнерінің де болашағы бар, ал, оның бояуы қанық, сұлбасы анық жарқын болуы – билік пен бізге байланысты.

ТҮРІК ҚАҒАНАТЫНЫҢ ТҰҒЫРЫ

– Сөзіңіздің жаны бар, Түркістан секілді «екі дүниенің есігінде» жүріп сұлулықты танымау, қасиетті сезінбеу – мүмкін емес-тей көрінеді. Тек қазақ қана емес, мұқым мұсылманның қасиетті топырағының киесі күшті ғой...

Мереке Айдарша: – Рас сөз, Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан көне қала, ежелгі шаһар Түркістан – түркі халықтарының мәдени және рухани астанасы, алыс тарихтан – күнгейлі тамыр тартып, келешекке бағыт алған мамыражай мекен. Еңселі Еуразия кіндігінде Ұлы Жібек жолының дархан даласына айналған өлкеде қадым заманнан Қыпшақ ұлысының, Түрік қағанатының, Қазақ хандығының астанасы болған мыңжылдық өркениеттер тоғысы бар шежірелі сұлу қалалар соғылып, мыңсырлы мәдени ошақтар салынды.

Мың жарым жылдан астам тамырлы тарихы бар, шартарапқа кеткен керуен жолдардың тоғысқан жері, Ұлы Жібек жо-

лының орталығына айналған Түркістан қаласындағы жәдігер ескерткіштер, мәдени орындар, ежелгі ғимараттар және маңайындағы ғажайыбы құпияларға толы өзен-көлдер мен тау-тастар, ормандар мен шөлейіттер – талай тар жол, тайғақ кешкен соғыстарды өткерген өте ескінің кемел куәсі...

Қазіргі теберікті Түркістан қаласы – шығысында тарамыс тарихтың тарланында Отырар, батысына атышулы «Алтын Орда» империясының қаһарлы да құдіретті орталықтары болған бүгінгі Ақмешіт өңірінің Жаңақорғаны жарқыраған, солтүстігінде сырбаз Созақ, көркем Кентау қаласымен шектесіп жатқан киелі жер.

ҚАЙСАРЛЫҒЫ МЕН НАМЫСЫ

– Турасын айтқанда, қолөнер кәсібі «ұрсаң да кетпейтін» нағыз наркесті тарихи өңірдің өзіне тән ерекшеліктері қандай?

Мереке Айдарша: – Көшпенділер – табиғи туабітті жауынгер болғандықтан, ең алдымен, ұлттық нақыштың қайсарлығы мен намыскерлік қасиеттері ер-тұрманында көрінеді.

Қазақтың дәстүрлі қолөнерінінің бесігіндегі Түркістан шеберлерінің (темір ұстасы, ағаш шебері, кілем тоқушы т.с.с.) қала тарихымен ұштасып, үйлесімді көрініс тапқан туындыларында (былғары, ағаш, киізден т.б. қолдан жасаған бірегей заттары) – зергерлік бұйымдар мен ат әбзелдерінде, кілем мен ши тоқудың түрлері, киіз басу, сырмақ сыру, бау басқұр (киіз үйдің арқандары мен жіптері, баулары мен құрлары), гобелен тоқу өнерінде, ұлттық ән-күй аспаптары мен қобдишаларда, ағаштан, киізден, былғарыдан және жүннен әзірленген (қуыршақтардан, түйелерден т.б.) табиғи материалдардан жасалған экологиялылық таза, ұлттық стильдегі заманауи бұйымдар, өнімдер, кәдесыйларда – қазақтың мәдениеті, табиғаты мен өзіндік мінезі асқақ рухпен керемет айшықталған.

Түркістан қолөнер шеберлері туған өлкенің қоршаған ортасына зиян келтірмейтін дәстүрлі кәсібі, қайталанбас стилі, озық үлгілерімен адамдарға табиғаттың, жануарлардың құндылығы мен сұлулығын көрсетеді. Қолөнерге шынайы сүйіспеншілік, кәсіпке жаңа көзқараспен қарау – шабыт көзін ашып, шеберлігімді шыңдауға үлкен серпін мен зор мүмкіндік береді.





ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОЛӨНЕРШІЛЕР ҚАЛАСЫ

– Шаһарға Дүниежүзілік қолөнер кеңесі ұйымының мүшелері арнайы жиналып, жергілікті қолөнершілердің жұмысына жоғары баға берудің нәтижесінде Түркістан қаласы «World Craft Council» халықаралық ұйымының шешімімен және Дүниежүзілік қолөнер Кеңесінің келісімімен «Халықаралық қолөнершілер қаласы» мәртебесін алды. Демек, алдағы уақытта «Ерекше мәртебе» статусы аясында қолөнерші шығындарының 25 пайызы субсидияланатын болды. Бұл қадам қолөнердің тынысын кеңейте ала ма?


Мереке Айдарша: – Жаңарған, жаңғырған Түркістанның түркі әлемінің мәдени-рухани орталығына айналғанын мойындауымыз керек. Осыдан төрт жыл бұрын Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің VIII бейресми саммиті Түркістанды «түркі әлемінің рухани астанасы» деп атау туралы декларацияға қол қойды. Бұл құнды құжат – түркітілдес елдердің жоғары деңгейдегі кездесулері мен келісімдерін өткізіп, бауырлас халықтардың мәдениеті мен өркениетін нығайтуға және Түркістанның рухани-мәдени дамуына тың серпін берді.

Нақты бір мысал: қолөнершілерді қолдау мақсатымен облыс орталығында қолөнершілер рухани-мәдени орталығын салу мәселесі қаралып, жалпы алаңы 2,56 гектарды қамтитын «Қолөнершілер қалашығы» туристік кешені таяу уақытта пайдалануға беру жоспарлануда. Арнайы көрме залы, шоурум бөлмелері, саялы бақ, шығыс базары, мейрамханалар, қонақ үй, автотұрағы бар алып өнер орталығына айналмақ.

Бүгінгі таңда түбі бір түркі елдері рухани орталық – түркі жұртының рухани астанасы санап қастерлейтін Түркістан қаласы алып құрылыс алаңына айналып, дамудың жаңа сатысына көтерілді. Негізгі үш бағытта дамып жатқан шаһарда Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің аумағы толығымен абаттандырылып, толық түрленді. Бірнеше мұражайлар, технологиялық кітапхана, театр мен неке сарайы бой көтеріп, сәулеттік сән-салтанаты жарасқан орынға айналып, қонақтарға қолайлы жағдай жасалды.

Әзірет Сұлтан қорық-мұражайының аумағында Ясауи мен Рәбиға Сұлтан Бегім кесенелері мен Күлтөбе көне қонысының тарихи орындарын қалпына келтіріліп жатыр. Тарихи, рухани, мәдени орталықта Визит орталығы, «Ұлы дала» орталығы, Ясауи музейі, Фараб кітапханасы, театр, еліміздегі тұңғыш Халықаралық туристік және меймандостық университеті тәрізді маңызды нысандар көз қуантады.

Қала мейманы арнайы ат басын бұратын, аумағы 188 га ауқымды жердегі қонақүйлері, кинотеатрлары, мейрамханалары мен тарихи-сауда көшесі мен Жасанды көлі үйлесім тапқан «Керуен сарайы» алып кешені – шаһарға ерекше көрік беріп тұр. Демек, Түркістанды ««Халықаралық қолөнершілер



қаласы» мәртебесіне лайық емес» деп, ешкім айта алмаса керек, әбден лайық мәртебе.

ТҮРКІСТАНДА ӘЛЕМГЕ АТЫ ӘЙГІЛІ ҚОЛӨНЕРШІЛЕР БАР...

– Сонымен қатар, жасаған бұйымдарын туристерге сата алмай отырған түркістандық қолөнершілерге жәрдем беру керек шығар?

Мереке Айдарша: – Ол да жоқ емес. Бастысы, мен тек өзімнің кілем тоқу өнерін ғана айтсам, шетелден көп тәжірибелер жидым. Мысалы, бізде жалпы бағыт дұрыс болғанымен, айталық, кілем тоқу кәсібіне мемлекет қолдау жасамайды. Ал, Иран, Өзбекстан, Тәжікстан, Әзербайжан, Түркіменстанның кілем тоқу салаларының жақсы дамуының себебі – мемлекет үнемі әрі үздіксіз қаржылық демеу жасап отыр. Сондықтан, «Орта Азиядағы 50 әйел қолөнершінің қатарына кірген шебер» ретінде айтарым: қазақтардың қолөнерге деген құрметі мен махаббатын оятып, қолөнер шеберлігін жүйелі түрде терең насихаттау керек. Түркістанда алыс жақын шетелге танымал 15 шақты қолөнершілер бар. Балаларды қолөнер шеберлерімен байланыстырып қою керек. Қазақ жастары ән мен күйден басқа да мықты кәсіптердің бар екендігін білуге тиіс.

Қазақ билігі – қазақ қолөнерін дамытудың кешенді Мемлекеттік бағдарламасын қабылдап, үздіксіз қаржыландыруы керек. Өйткені, қолөнер – бизнес емес, өнер. Өзбек мемлекетінің билігі қолөнершілеріне баспанасына дейін тегін алып береді, қаржылай қуаттап отырады. Есесіне, әлемнің талай елдерінде, тіпті, әуежайдың өзінен-ақ өзбектің өрнектерін көресіз...

ТҮРКІСТАН – ҚАЗАҚ ТУРИЗМІНІҢ ТӨРІ

– Ұлттық, тарихи туризм ошақтары мол Ұлы Жібек жолының берегей қонысы Түркістан қаласының – қазақ туризмінің төрі болмауға қақысы да жоқ қой?

Мереке Айдарша: – Түркістан қаласының туристік әлеуеті өте жоғары. Түркістан – қазақтың тарихи туризмінің құтты ұясы, алтын тұғыры, орасан ордасы.

Түркістан қаласының туризм кластерінің басым бағыты және тарихи туризмінің басты нысаны – қазақтың қабырғалы хандары мен сұлтандарының асыл



сүйектері байыз тапқан зираттары, ұлы астроном, ғалым Ұлықбектің қызы Рәбия Сұлтан Бегім мазары, ортағасырлық «Шығыс моншалары», Жер асты мешіті, т.б. құн жетпес құндылықтарға толы – ЮНЕСКО-ның мәдени мұралар тізіміне енгізілген «Мемлекеттік тарихи-мәдени Әзірет Сұлтан қорық кесене-мұражайы».

Түркістанның айналасындағы ортағасырлық ғажайып қалалардың қазіргі орны, тарихи мұражайлар мен мәдени орталықтар, көне Отырар, Сауран қалашықтары, Арыстанбаб кесенесі, Бәйдібек ата, Домалақ ана кесенелері, Ақмешіт үңгірі, Тұлкібастың тамаша табиғаты, Ақсу-Жабағылы, Қаратау қорықтары, Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық-табиғи саябағы секілді сұлулығы көз тартып, тамсандырған мекендер.

Түркістан қаласы – XIV ғасырда Қожа Ахмет Яссауи кесенесі салынып, «Түркі әлемінің діни орталығы»; XV ғасырдан саяси және экономикалық орда; 1598 жылдан Қазақ хандығының астанасы деп танылды.

Түркістан қаласының 1500 жылдық тарихын дәлелдейтін деректер табылған ескі Күлтөбе қаласы – туристерді өзіне меңмұндалап шақырады. Саяхат сапары қазіргі Түркістан қаласының ескі орны Күлтөбе қаласынан басталады. Қо-



нақтарға жоғарғы қабатының тарихи белгілері ішінара бұзылса да, ескі қаланың ордалы орыны мен ерекше естеліктері айрықша қызықты.

Орта Азия мен Тұран даласындағы ең көне қала Шауғар – Қазақстанда ортағасырларда болған қала. 10 ғасырдағы деректерде, Отырар аймағындағы Кедер қаласынан бір күндік жерде «Шауғар – бекіністі қала, базар маңында мешіті бар» деп сипатталды.

Түркістанда туризмді дамыту үшін, алдымен, қолөнерден бастауымыз керек. Түркістан қаласында қолөнер саласы ұлттық дәстүрлерді сақтай отырып, заманауи үрдістермен үйлесімді дамуы үшін мемлекеттік құзыретпен – ұлттық өнерді дәріптеу, насихаттау керек; қолөнер шеберлерінің кәсіби біліктілін шыңдау мақсатымен қаржылық, шығармашылық қолдау көрсету керек; қолөнердің марқасқа тұлғалары қолөнерлік шеберлік сыныптарын үздіксіз өткізуі керек.

Басқа елдер секілді қазақ қолөнершілерінің жұмысы – жеңіл өнеркәсіп нысаны ретінде экспорт жасап, қазақ экономикасына өз үлесін қосуға тиіс. Жеңіл өнеркәсіп дамымаса, ұлттың рухы өледі.

Әлемдік туризмнің даму қарқынын байқасақ, әлемде ешқашан өзектілігін жоғалтпайтын кәсіп түрі – мейрамхана кәсібі екен. Тарихта бірінші мейрамхана ортағасырларда ашылған, яғни, ортағасырлық Түркістандағы мейрамхана кәсібі сонау ежелгі ғасырлар қойнауынан келе жатыр.

Туризмді дамытуға басымдық беріліп, инвесторларға қолдау көрсетілген қазіргі Түркістанда тамақ өнеркәсіп саласының, қонақ үй-мейрамханалық кәсіптің дамуы өзекті мәселе. Кәсіптік тұрғыдан басымдық талап етілген мейрамхана саласы еңсе тіктеп, этно-мейманханалар ашыла бастады. Еліміздігі ұлттық майманханалардың ең еңселісі – «Астық» мейрамханасы – менің қиял-ойларымның нәтижесі болғандықтан ғана емес, ұлтымның алдындағы теңіздей борышымның тамшысы екендігі көңілімді марқайтады...

«АРМАНЫМ, АЙТАРЫМ КӨП САҒАН МЕНІҢ...»

– «Армансыз адам – қанатсыз құс» деген қағидат бар. Сіздің арманыңыз құпия емес пе?

Мереке Айдарша: – Жоқ, ешқандай құпиясы жоқ. Осы «арман» деген сөзді естігенімде, мен еріксіз Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне жұмысқа тұрғанымды



есіме аламын. Расында, бұл да менің бір қымбат арманым еді...

Бала кезімде ақын Бәкір Тәжібаев пен композитор Ескендір Хасанғалиевтің атақты да шуақты «Асыл арман» әнін шырқап, тәтті қиялдарға шомылатынмын...

«Арманым ақ сәулелі күнімбісің,
Әлде бір алаулаған гүлімбісің.
Әлде бір желпіп өткен самал ма едің,
Арманым айтарым көп саған менің.

Асыл арман, асыл арман,
Көгімде шалқып ұшқан құсым ба едің.
Асыл арман, аспанымда жарқылдаған
құсым ба едің,
Мен сенің құдіретіңе, мен сенің
құдіретіңе түсінбедім.

Арманым құздан құлар бұлақпысың,
Әлде бір күлімдеген шырақпысың.
Әлде бір албырағаң ай ма екенсің,
Арманым, айтшы маған қайда екенсің?

Арманым жүрегімнің жыры ма едің,
Жас ару жанарының нұры ма едің.
Әлде бір сазы ма едің домбырамның,

Қиялды асқар шыңға қондыратын» – деп шарықтата шырқайтынбыз. Сізден өтінішім: осы әннің мәтінен толық жариялаңызшы журналығызға, талай адам балалық балдәуренін есіне алып, әнді қайта шырқап, рухани бір қанаттанып қалсын. Әйтпесе, бүгінгінің адамдары тым суып бара жатыр ғой...

– Бауырмалдық пен аяныш сезімі бойыңызда мол екен, қорқыныш пен үрей сезімі қалай, неден қорқасыз?

Мереке Айдарша: – Шексіз қуанудан қорқамын: ««Шүкірім» кемшін боп қалмады ма екен?» деп...

Гүлжаз ҚАРЫБЕК

P.S. Фотосуреттер Мереке Айдаршаның жеке мұрағатынан алынды



АБАЙ - 180

АБАЙ

ҚҰДАЙДЫҢ БІЗГЕ БЕРГЕН СЫЙЫ



Абай - қазақтың бағына біткен нар тұлға. Біздегі құндылық, болмыс, ойлау жүйесі деген ұғымдар жайлы Абайдан асып ешкім айта алған жоқ. Тарихи дүниетанымдық категориялардың мың сұрағына да жауапты Абайдың асыл мұрасынан таптық. Керек десеңіз әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр Әл-Фараби мен ғұлама ғалым, әулие Қожа Ахмет Ясауидің еңбектерінің құндылығын Абайдың шығармашылығы арқылы түсіндіреміз.

Иә, Абай қазақтың Конфуциі. Оның сөз маржандарын тізген сыршыл өлеңдері мен терең мағынаға толы қарасөздері біздің баға жетпес қазынамыз. Ал, мұндай қазына XIX-XX ғасырларда өмір сүрген ұлттардың ешбірінде болмаған.

Абай «Самми махаббад» категориясын сөз етеді. Мысыр, Таяу Шығыс, Түркия, Орта Азия, Еділ, Кавказ секілді мұсылман елдерінде бұл категория жайлы ешкім айтпаған. Ендеше, Абай бұл мәселені не себепті көтерді?

Өзінің жүріп өткен тарихи жолындағы құндылықтарға реформа жасау ұлы ақынның негізгі мақсаты болған. Оның қолында тарихтың өткені мен бүгінін таразыға салатын ойлау жүйесі жайлы құнды деректер бар еді. Оны жоққа шығара алмаймыз.

Пенденің мейірімі шексіз Аллаға деген ғашықтық сезіміне «реставрация» жасап, оның орнын басқа нәрсемен алмастыра алмаймыз. Абайдың пікірінше, Аллаға деген махаббатты өзгертпестен, оның дидары, принцпі, мұратын танып, хақтың жамалына емес саммиліне ғашық болған абзал.

Жамал сөзі тіліміздe көркемдік, әсемдік, әдемілік, Алланың дидары деген мағынаны білдіреді. Ал, пенде сол жамалды бір көрсем екен деп армандап, іштегі ғашықтық оты үнемі маздап тұрады. Ясауи бастаған сопыларды да дәл осы жағдай орын алған.

Абай Алланың жамалына емес, тоқсан тоғыз сипатының бір сипатына ғашық болған адамдарды сопылар деп есептейді. Ақынның ойынша, дидардың орнына самми талап болғаны дұрыс. Сами деген сөз Алла шығармашыл, Алла шебер, Алла мизам жасаушы деген мағынаны білдіреді. Ясауидің принципі бойынша қарайтын болсақ, Алланың шеберлік сипатына ғашық болу. Бұрынғы көркемдікке, әсемдікке ғашық болу емес. Қарап отырсаң,



Алла әлемдегі барлық нәрсені жаратты. Бізде соның зәрлі сипаты бар. Біз сол үшін де Алланың самми сипатына ғашық болуымыз керек. Әрине, Алла бола алмаймыз, десек де тоқсан тоғыз сипатының біріне ұқсап бағуымыз қажет.

Ұлы ойшыл өзі өмір сүрген дәуірінде заман көшінен қалып қойдық деп санайды. Расында да, бізде қала, өндіріс, зауыт жоқтығымен қоймай, ғылымның да көшінен артта қалдық. Біз мына дүниені мықтап меңгеруіміз қажет. Ғылым болмаса, өнер болмаса не болады?!

Абайдың айтып отырғаны да осы. Бұлардың бәрін Алланың самми сипатынан көруге болады. Алланың саммилін ойлайтын, өздері шығармашыл, өздері бір нәрсені өндіретін адамдардың тобын хәкім деп атайды. Сондықтан, Абай хәкімдер дегенге исламның ғана емес, Еуропадағы бүкіл діндердің хәкімдерін жатқызады. Яғни, Еуропаның я будданың хәкімі деп бөліп отырған жоқ. Хәкім деген сөздің бүкіл адамзатқа ортақ ұғым екенін айтып отыр.

Абайдың бұл ойлары өзімен бірге өмір сүрген ойшылдарға қатты әсер етті. Байтұрсынұлын қарасаңыз да, Шәкәрім оқысаңыз да, тіпті, Әуезовтің бізге қалдырған 50 томдық шығармаларын ақтарсаңыз да, бәрі де Абайдан асып әңгіме айта алмаған.

Абайға ғашық болғандардың біріншісі Шәкәрім болса, екіншісі Әуезов. Мұхтардың «Абай ата теориясын» жасаудың өзінде бір мән бар. Себебі, Абайдың жауһарын көрді. «Абай жолын» кеңестік идеологияға икемдеп жазып, Абайды атеист етіп шығарды. Неге? Себебі, Абайды мұра ретінде, құндылық ретінде жүйеге мойындату керек болды. Абайды қабылдағаннан кейін ғана орыстың жаһандануынан аман қалдық. Бәлкім, біз жоқ болып кетер ме едік.

Абайды ғылыми процесстерге, басқа да ортаға енгізу бізді орыс глобализациясынан сақтап қалды. Сондықтан, Фараби мен Яссауиді насихаттағанда, Абайды да қоса насихаттауды ұмытпағанымыз жөн. Соңғы 8-9 жылда тыңдаушы эксперттерге Фарабиді айта келіп, әрі қарай ойлау жүйесін айтсам қабылдай бермейді. Себебі, Ислам философиясының өзіндік ерекшеліктері бар. Айтқан ойды түсіндіру үшін тыңдаушы эксперттерге Абайдың қарасөздерін жаттауға беремін. Жаттап болған соң, 38-ші қарасөзіндегі бүкіл категорияларды Фарабидің Алла туралы категорияларымен салыстырып бергенде көздері ашылып, жанарларында жалын пайда бола бастайды. Содан кейін әрі қарай ұмтыла түседі. Алғашқыда мен мынаны қабылдай алмаймын деп қорқып отырған қазақтың баласы Абайды айтқан кезде тамырына қан жүгіргендей болады. Дегенмен, жанына Абай жақын ғой. Содан кейін ғана Фарабиді бірте-бірте қабылдай бастайды. Ясауиді айтсаң да дәл солай. Жүздеріне қарасаң шаршаңқы болып отырады. Көздері ұйқыға кете бастаған сәттен бастап, Абайды айта бастаймын. Ақыл мен жан, мен, өзім деген ұғымдарды Абай былайша түсіндіреді деп айта бастағаннан, ақпаратты қабылдау оңай бола бастайды. Себебі, Ясауиден қарағанда Абайды түсіну әлдақайда жеңіл.

Сондықтан, ұлы ақынды ұлықтап, ардақтау бізге артылған міндет екенін естен шығармағанымыз жөн болар.

Досай КЕНЖЕТАЙ,

теолог-ғалым, философия ғылымдарының докторы, профессор

ЗҰЛМАТ

СҮРГІН САЛДАРЫ



Ашаршылық пен құғын-сүргін туралы сөз болғанда, мен «қазақстандықтар» деген сөзді қолдануға үзілді-кесілді қарсымын. Себебі, Кремль жоспарлы түрде қасақана қолдан жасаған ашаршылық пен құғын-сүргін қазақ еліндегі келімсек ұлттарға қарсы емес, тек қазақ халқын ғана қынадай қыру үшін жасалды.

Орыс-совет коммунистері ашаршылық пен құғын-сүргін жылдары Қазақстанда бірде-бір келімсек ұлт өкілін өлтірген жоқ. Демек, орыс-совет билігі жүргізген ашаршылық пен құғын-сүргін – тек қазақ ұлтына жоюға бағытталған және адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған әрі голодомор, әрі геноцид болды...

...Осыдан бір ғасыр бұрын ауыз толтырып: «Әлхамдулиллаһ, алты миллион қазақпыз!» деп Ахмет Байтұрсын айтқанда, сол кезде Англияда алты миллион ағылшын тұрған. Қазір Англияда алпыс миллион адам болса, Қазақстанда қазақтар небәрі он бес миллион адамның маңайында.

Бірақ, әдеттегідей, орыс-совет билігі өзінің зұлымдығы мен азғындын жасыру үшін ресми мәліметтерде «Қазақстанда ашаршылық жасаған 1930-1933 жылдары 4 миллионға жетпейтін қазақ болды», дейді.

Тарихшылар «геноцид» деп санаған қазақтарға қарсы Кремль жоспарлы түрде «ұжымдастыру» деп атап, қазақтарды қынайдай қырған 1930-1933 жылдардағы ашаршылық пен құғын-сүргіннің басты себебі – орыс шовинизмінің терроры болатын.

Ашаршылықта бір деректер бойынша, «1,5-2,3 миллион қазақ өлді» десе, келесі мәліметтерде «2,0-2,3 миллион қазақ қайтыс болды» деп көрсетіледі. Біздіңше,



аштықтан ажал құшқандардың қарасы әлдеқайда көп: сол уақытта Ахмет Байтұрсын айтқандай 6 миллион қазақ болса, ең азы – 4 миллионнан қазақтың асыл сүйегі Ұлы Далада шашылып қалды...

Демек, «1930–1933-ші жылдардағы Қазақстандағы ашаршылықтың себебі – қазақ халқының отырықшыландыруы» деген сөз – қып-қызыл өтірік. Бұл – Мәскеудің қазақ ұлтын жоюды жоспарлаған алапат геноциді, аласапыран голодоморы.

Ашаршылық кесірінен қазақтар өз республикасында азшылыққа ұшырап, тек 1990-шы жылда ғана қайта қалпына жетті. Ашаршылық кесірінен қазақтардың елеулі бөлігі аштан өліп қалмау үшін басқа елдерді Түркияны, Ауғанстанды, Қытайды, Қарақалпақстанды, Өзбекстанды паналауға мәжбүр болды.

Әлі күнге дейін қазақ елінде совет-орыс билігі қазақты аяусыз қырған ашаршылық пен қуғын-сүргін жылдары ашық, айқайлап айтылмайды. Есесіне Ғылым Академиясының ғалымдары Қазақстанның аумағында осыдан төрт мың жыл бұрын өмір сүрген жануарлардың сүйегін, көне тастар зерттейді де, осыдан небәры бір ғасыр ғана бұрын жаппай құрбан қырылған миллиондаған қазақтар туралы жұмған ауызын ашпайды.

Совет-орыстың озбыр да солақай үкіметі «Ұжымдастыру» дегенді желеу етіп, «байлар мен ауқаттыларды» сайлау құқынан айыру арқылы кедейлерге «жанашыр» кейіп танытып, «оңшылдар» мен «солшылдар» тобына бөліп, таптық тұрғыда қудалау басталды. Сталиннің тікелей бастамасымен 1927 жылы Қазақстандағы ауылдық советтерде жаңа сайлау өткізілді. Жіберілген қателік-кемшіліктерді қазақ байларына, рушылдық қатынастарға жапты.

Келімсектердің үкімет тарапынан жеңілдіктер алуы – қазақтардың орынды наразылығын тудырды. Мұның өзі үкіметке сенімсіздік қалыптастырды. Келімсек орыстар атамандық ықпалды күшейтуге кірісті. Советтік әкімшіл-әміршіл басқару әдісі – елді тұралата берді.

Қазақстанда күштеп астық пен ет жинау етек алды. Сталиннің Қылмыстық Кодекстің 107-бабын жаппай қолдануды талап етуі, яғни, «Тауарларды сатып алу, жасыру немесе базарға шығармай ұстау арқылы бағасын жоғарлатқаны үшін қатал жазалау» шаралары ел арасында ашу-ыза тудырып, қатыгездік сипат алды.

Астық пен ет дайындауға мәжбүрлеу, жазалау және үрей туғызу – елдің тұрмыс-тіршілігін құлдыратып жіберді. Ең сұмдығы, етке өткізілуге тиіс мал басы саны – қолда нақты бар мал басынан анағұрлым асып түсіп жатты. Мәселен, Балқаш ауданында бар малдың басы 173 мың болса, етке өткізілуге тиіс малдың саны 300 мың болып белгіленді. Ауданның 3 жылда етке мал өткізу жоспары 160 мың бас малдан 1,5 млн бас малға, яғни, 10 есеге дейін өсті.

1933 жылы Қазақ өлкелік комитетінің пленумында Х.Нұрмұхамедов: «12 жыл малшы болған менің бауырымның бір ғана сиыры болды. Егіншілікпен ешқашанда айналыспаған. Соған қарамастан, оған 1930



жылы 5 пұт астық салығын салып, оны төлеу үшін соңғы сиырын және үйдегі мүліктерін сатып жіберуге мәжбүр болды» – деген мысал келтірді.

Егіншілікпен айналыспағандарға астық, малы жоқтарға ет салығын салу – тоқтаған жоқ. Оны орындамаған шаруалар жазаға тартылды. Тіпті, әркім өз басын қорғау үшін ешкімді ешкім аямай, басқаларды құрбандыққа шалу – үйреншікті қалыпқа айналды.

Астық пен ет дайындау науқаны барысындағы қателіктер байларға қарсы күрес желеуімен бүркемеленді. Басшылардың қатыгез саясаты – үрей отын шашып, азық-түлік дайындау – шаруалардың өмірлеріне қауіп туғызды.

1932 және 1933 жылдардағы ашаршылық кезінде Ораз Исаев пен Тұрар Рысқұлов және басқалар Сталинге хат жолдап, жағдайды егжей-тегжейлі сипаттайды. Бірақ, диктатор мен оның сыбайластары Қазақстандағы жаппай өлімнің ауқымын әдейі түсінбеген кейіп танытты.

***

1932 жылы Қосынбек деген қазақ «Известия» газетінде: «Неге ашаршылық болып жатыр түсіндіріңізші, адамдар аштықтан бірін-бірі құып-ұстап өлтіріп, енді адам етін саудалай бастады, өнеркәсіп жылдан-жылға дамыған сияқты болса, бірақ, сағат сайын мыңдаған адамдар ажал құшып жатыр...» – деп жазды.

Ашыршылық пен құғынның әрбір құрбанының алдында біз жауапты ғана емес, қарызбыз. Әлі ашылмаған талай сұрқия құпиялар, сұмдық дерек-дәйектер жетерлік. 31 мамырды – сүргін күні етіп белгілеумен іс бітпейді.

Шеті мен шегі жоқ сандар мен есеп-қисаптың арасында бір нақты да жанды бір қарапайым мысалды жазушы Төрехан Майбас «Құрмалдық» деп атап сөз қылады: «...Ақшатау болыстығының оныншы ауылында дүниеге келген Ұлжан Мұқырбайқызы совет заманының бар ауыртпалығын басынан өткеріп, еркектің орнына жүрген, еңбек батальонында болған кісі...

Ақшатауда үй-ішіміз ағайынды Дәйіл, Жәмпір деген әкелерімізбен араластықта болды. Әкеміздің нағашылары Бәубек атасынан еді. Дәйіл мен Жәмпір әкем маған жақсы қарады. Баласынбай есті әңгімелер айтушы еді. Әсіресе, Ұлжан апайымыз біз дегенде мерейі төгіліп тұратын. Ол кісі де әңгіменің майын тамызып тұрып айтатын.

– Мен әкемнің суға салса батпайтын, отқа салса жанбайтын баласы болдым. Соған орай, ер бала тәрбиесі қалыбында болдым...

– Сонда қалай, кәдімгідей төбелестіңіз бе? – деймін балалығым ұстап.

– Өзім төбелес бастаған емеспін. Тиіскендер болып жатса, «сдача» қайтардым. Онсыз болмайды.

– Неге онсыз болмайды? – деймін апайымның сөзінің ұшығына жете алмай.

– Мен еңбек батальонында болдым ғой. Онда тентектер баршылық еді...

Осы жерге келгенде, мен үндемей қаламын. Өйткені, көлденең жұрт ол кісіні «түрмеге отырған» дейді. «Бұл сөзіне қарағанда, отырғаны рас болды» деп қоямын. Бұл тақырыпқа әке-шешем де жолай қоймайтын жабық тақырып болып қалды.

Содан нағашы жұртыма – Қарабұлаққа барғанымда бір ұшығы шықты. Дастарқан басында коммунизм жөнінде әңгіме шығып кетсін, «Қашан жетеміз» деген...

Жәкіш нағашы әжем: – Ұлжандай қыздар туғанымызда, коммунизмге баяғыда-ақ жетер едік, – десін. Ішім сезеді. Әңгіменің менің апам жайлы екендігін. Сонан қойшы, білгенім – Ұлжан апам еңбек баталонында бір емес, екі рет болыпты.

Біріншісінде, Нығмет деген шөбере інісі бір атадан жалғыз еді. Повестка соған келеді ғой. Сонда Нығметтің әкесі Әліп: «Тұқымымыз тұздай құритын болды ғой, соғысқа жарамасам да "трудармияға" жараймын, баламды алғанша, мені алыңдар», – деп өкімет адамдарына қарсы тұрыпты. Болмаған соң жатып қалыпты. Әліп атамыздың елуге келіп қалған кезі, әскерге кім алады? Ол кезде «тұқымымызды қалай аман алып қаламыз» деп, қазақ баласы нешетүрлі айла-шарғыға барған.

Менің ұлы нағашым Меделхан атамыз сондай себеппен қашқын атанған ғой.

– Қайла қалмағанда, малақай кигізіп біздерді жіберді ғой,– дейді Ұлжан апам.

Бұл кейінгі әңгімелеріміз. Сонымен, біріншісінде Нығмет бауырының орнына кете барады. Сол кеткеннен Жезқазғаннан бірақ шығады. Сондағы «Покро» шақтасында жұмыс істейді.

– Жердің асты-үсті деген жоқ, қайда жіберді сонда істедік, – дейтін апам.

Содан аман-есен қайтып келеді. «Бәрі қуанды» дейді. «Әсіресе, Әліп әкеміздің қуанышында шек болмады» дейді. Сөйтіп, «бір бәле-жаладан құтылдық па» дегенде, екіншісі сап ете қалады. Бұл жолы повестка туған бауыры Егінбайға келеді. Ол да бір атадан бір тал жапырақ.

Енді қайтпек керек? Қайткені несі? Ұлжан бар емес пе?

– Малақайымды дайындай беріңіздер, – депті Ұлжан апайым.

Бұл жолы Балқашты бетке алады. Одан арғысы – мәлімсіз. Апайым туралы қилы-қилы аңыз тура осы жерден басталады. Біреулер «бұзудан (ФЗО) қашып келді» дейді. Біреулер «істі болып отырған» дейді. Біреулер «тура сол отырған жерінен қашқан» дейді. Осының барлығын жұрт керемет бір сүйіспеншілікпен айтады. Бұл қалай дей алмайсың? Өзіңнің де қалай қосылып кеткеніңді байқамай қаласың. Нығмет әкеміздің қызы Ғалия қарындасым Қарағандыда отыр.

– Түп-тұқиянымызбен қарыздармыз, ол кісіге...– дейді.

Жалғыз тал Егінбай әкеміздің баласы





да, Қарағандыда. Сол Ғаббасәлі бауырым айтады: «Мұндай адамдар енді туар-тумас. Орден-медалді осы кісіге беруіміз керек еді. Бір емес, екі әулетті бірдей ойраннан сақтап қалды ғой» деп.

Абай қаласындағы Ұлжан апайымның қызы Панаркүлмен хабарласайын.

– Сіздің апаңыз болмаса, біздер жер басып жүрер ме едік, жүрмес пе едік...

Сөзінің аяғын аяқтай алмады. Жүрегім шым ете қалсын...

Жәмпір жездеміз соғысқа қатысқан адам. Екі көзін беріп келген. Баламын ғой, апамды сол кісіге қимаймын, «Көзі сау біреу табылмады ма? деп. Әкем аузымды бір-ақ сөзбен жапсын: «Сарайы сау ғой, сарайы соқырдан сақтасын...»

Содан бері бұл әңгімені қайтып қозғамағам. Содан шамам жеткенше, апайымды құрметтеп бақтым. Сол құрметтің үлкені осы мақалам екен. Көптен бері жаза алмай жүр едім...

***

Қазақтарды Қылмыстық Кодекстің 107-бабымен соттау, түрмеге қамау – қамысқа тиген өрттей өрши берді. 1932-1933 жылдары азық-түлік даярлау барысындағы жазалау шараларын қатаңдатылып, қазақтарды сотсыз-ақ ату жазасын белгілеген бірнеше құжат қабылданды. Ату жазасынан кейінгі жеңілдетілген әдіс – барлық мүлкін тәркілеп, 10 жылға түрмеге қамау болды.

Совет билігінің қазақтарға қарсы қанқұйлы саясаты – қарапайым халықтың күйзелісін шегіне жеткізіп, мал мен адамдар жаппай қырылды. Мысалы, Торғай облысында 1931 жылы 100 мың бас мал болса, 1933 жылы небәрі 4 мың бас мал ғана қалды.

Совет-орыс билігі қазақтарға қарсы ұйымдастырылған барлық жұмыстарды дайындықсыз, талғамсыз, шұғыл, асығыс, қатал түрде жүзеге асырды. Не керек, күштеу, қорқыту, жазықсыз жазалау, жер аудару арқылы қазақ халқына қарсы аяусыз соғыс жариялады.

Шабындық және егістік жерді қайта бөлу, тәркілеу, азық-түлік салығы – терең күйзеліске ұшыратып, қазақ ұлты адам сенгісіз зорлық-зомбылықтардан азап шекті.

Қазақтың байлары мен ауқаттыларын шекарадан, темір мен су жолдарынан тым қашық, құла-дүз, жері құнарсыз, елсіз-сусыз, шөл және шөлейт тоғыз аудан белгілеп, жер аударды.

Қазақтар бар дүниесінен, мал-мүлкінен, құрал-саймандарынан, тіпті, жертөлесінен айырылып, ашаршылыққа ұшырап, босып-қаңғып кетті...

Ресми мәлімет «1931-1933 жылдары аштықтан 2,1 миллион қазақ қырылды» дейді. Ораз Жандосов: «Ауылдарда ондаған күндер бойы жерленбеген төбе-төбе мәйіттер көрдім. Күйзелгендер қолдарына түскенін түк қалдырмай, жеп қояды. Сүйек-саяқ жинап, жүрек жалғау үшін ондаған мәрте қайнатады. Анадан жаңа туғандай тыржалаңаш, аш адамдар дала төсінде босып, сандалып жүр. Аштықтан көзі қарайған адамдар даладағы атқұлақ пен сарышұнақтың түгін қалдырмай, жеп койған. Тіпті, тамақ орнына жартылай өңделген терілерді де жей береді. Ит етін жеген бірнеше адам кездестірдім. Аштықтан жартылай ісінген, аяғы ауыр әйел маған жақын келіп, ит атып беруімді сұрады. Елсіз жапанда екі жасөспірім ескі жұрттағы, атылған иттердің терісін алу үшін қалған өлімтіктеріне бара жатыр...» – деген жазба қалдырған.

ССРО басшылығы мен тікелей Иосиф Сталиннің қазақ ұлтын жою үшін қолдан аштық ұйымдастырудағы мақсаты – тәуелсіз Қазақ мемлекетін құруды көздеген ұлт-азаттық қозғалысты басып-жаншу еді. Орыс-советтің большевиктік, қылмыстық экспериментінің нәтижесі – тау-тау өліктер, зарлаған ана, шырылдаған бала, өлексе сасыған қазақ даласы болды...

Қазақ ұлтының әруақты құрметтейтін дәстүрі бойынша, елдегі әр отбасына ойран салып, құрбан болған миллиондаған ардақтылардың туыстары еске алып, дұға бағыштауы үшін аласапыран жылдар мейлінше терең зерттелуге тиіс. Төрт жарым мың жыл бұрын қазақтың ежелгі ата-бабасы алғашқының бірі болып, жылқыны қолға үйреткен жұрт күні кешегі ең үлкен нәубеттің құрбандарын ұмытпауы керек. Бұл – тірілерге сабақ болуға тиіс. Ашаршылықтың қазақ ұлтының тамырына балта шаба жаздағанын ұмытуға болмайды.

***

Қазақстандағы 1931-1933 жылдардағы адам сенгісіз ашаршылықтың жан түршігерлік оқиғасы туралы шетелдік жазушылар мен журналистер жаза бастады: итальяндық Николо Пиансиола, француз әйелі Изабель Огонион, неміс Роберт Киндлер, американдықтар Мэттью Пэйн және Сара Кэмерон және т.с.с.

Бұл қаламгерлердің тұжырым-түйіндері ортақ:

1. Қазақ ұлтының алып апатының басты жауапкершілігі – Кремльде. Мәскеу Қазақстандағы ашаршылықтың «сәулетшісі».

2. 1930 жылы маусымда Кремльде Қазақстанды азық-түлік және өндіріс дағдарысынан шығу үшін ет жеткізудің стратегиялық резервіне айналдыру туралы саяси шешім қабылданды.

3. Большевиктер қазақтарға қатысты саясатты «прогрессивті» санап, халықты көшпелі өмір салтынан бас тартуға мәжбүр етті.

4. Сталиндік басшылық қазақтарды қасақана құрбандыққа шалды, олардың малын тартып алып, Мәскеу тұрғындарын, өнеркәсіп қызметкерлерін, әскерді асырау үшін пайдаланды.

5. Кремль қылмысының салдары – қазақ халқының көпшілігінің ажалына айналды.

6. Кремль сол бір қасіретті жылдарда қазақ даласында не болып жатқанын жақсы білсе де, қасақана үнсіз отырды.

7. Жойқыншылық саясаттың мақсаты – даланың шаруашылық байлығын пайдалану ғана емес, қазақтарды жүйелі түрде қырып-жою болды.

8. Сталин «Колхозда жұмыс істеуден бас тартқандарды – аштықтан өлуден басқа ештеңе күтпейді» деп ашық айтты.

9. Крель билігі «Саяси және экономикалық мүдделерге қол жеткізу үшін қазақ халқының басым бөлігінің өлімі – қажетті құрбандық» деп саналды.

10. Қазақтардың болмысы мен бітімін, тұрмысы мен мәдениетін, әдет-ғұрпы мен салт-санасын құртуға бағытталған, саяси және зиялы қауымына қарсы қолдан жасалған астық пен мал сатып алуды міндеттеген қуғын-сүргін саясат – ашаршылық тудырып, қазақтарды жаппай қырып-жоюға алып келді.

11. 20-30 жылдардағы аштық қазақтардың жалпы санының – үштен екісінен астамын ажалға байлады.

12. Кремль халыққа тигізетін зардаптарға қасақана қарамай, Қазақстанды Совет Одағы үшін «төтенше ет қоры» ретінде қарастырып, зорлық-зомбылықпен әрекет етті.

13. Сталин сұмырайдың саясаты – төрт миллионнан астам қазақты аштықпен жаппай қырды.

14. Сталин қазақтар үшін мейлінше қатыгез және қанішерлік жүйе құрды.

15: Ашаршылық кезінде билік қазақтың дауысын әдейі естімеді.

16. 1930-1932 жылдары Кремль үшін негізгі міндет – қазақтарды аштықтан аман алып қалу емес, керісінше, қазақ даласынан орталыққа неғұрлым көп мал жөнелту болды.

17. Расында, Қазақстан – Ресейді малмен және етпен қамтамасыз ететін аймаққа айналды.

18. Сталин Қазақстандағы облыс басшыларының малды жасыратындығын «мемлекетке сатқындық» деп атады.

19. Қазақ даласындағы мал сою алаңдарының әрқайсысында күніне 500-ден 1000-ға дейін қой, 200-ден 400-ге дейін сиыр сойылып, малдың үштен екісінен астамы экспортталды.

20. Кремльдегі сұрқиялары мен сыбайластары Сталиннің құлағына: «Қазақты қазір азайтпасақ, кейін бой бермей кетеді; біз – қазақты емес, қазақ – бізді билейтін болады» деп сыбырлады.

***

Таяуда ғана арамыздан келмеске кеткен қазақтың қабырғалы ақыны Темірхан Медетбек қазақтың сүргін жылдарының сұрқия суреті мен аяусыз азабын терең толғаған таңдаулы шайырдың бірі.

«Ашаршылық...
Алдымен, талғап жұтты.
Соңынан түк қалдырмай,
Жалмап жұтты.
Жұтты,
Жұтты,
Жұтты!
Құртты!
Ақылдасатын,
Дана қалдырмады.
Құшақтасатын,
Бала қалдырмады.

Алатау мен Арқаның,
Алтай мен Атыраудың арасы,
Қынадай қырылды,
Шалғындай жапырылып,
Шөптей жұлынды.

Жад пен ойымда,
Қайғы мен қасірет,
Желдай ағылысты.
Ертіс пен Жайық,
Есіл мен Ойылда,
Ісінген өліктер,
Сеңдей соғылысты.

Құзғындар,
Қара бұлттай қаптады.
Атқан күн – батпады,
батқан күн – атпады.

Біздің жеріміздегідей,
Еш жерде құзғындар,
Көп болған емес.
Біздің жеріміздегідей,
Еш жерде құзғындар,
Тоқ болған емес.

Шашылып жатты,
Шоқыған, жегені...
Содан ба елімде,
Құзғындар көп әлі...»

***





31 мамыр – қасіретті жылдардың күәсі, азаттықтың бағасын түсінуге бастайтын күн. Ал, еске алу дегеніміз – естен шығармау. Құрбан болғандар да, құрбан қылғандар да есімізде...

Әдебиеттер тізімі

1. Әбілқасымов, Б. (1992). Ашаршылық ақиқаты. Алматы: Қазақстан.

2. Қойгелдиев, М. (2010). Алаш қозғалысы. Алматы: Жалын.

3. Шаханов, М. (ред.). (1992). Зобалаң: Ашаршылық пен құғын-сүргін туралы куәліктер жинағы. Алматы: Жазушы.

4. Абильев, Ж. (2011). Қазақстандағы 1931–1933 жылдардағы ашаршылық: себептері мен салдары. Алматы: Қазақ университеті.

5. Рысқұлов, Т. (1997). Сталинге хаттар. Алматы: Санат.

6. Жандосов, О. (1933). Сталинге хаттар жинағы. ҚР Орталық архиві, №141-қор.

7. Cameron, S. (2018). The Hungry Steppe: Famine, Violence, and the Making of Soviet Kazakhstan. Cornell University Press.

8. Kindler, R. (2015). Stalin's Nomads: Power and Famine in Kazakhstan. University of Pittsburgh Press.

9. Пианчиола, Н. (2011). Казахстан в 1930-е годы: коллективизация, голод, репрессии. В: Россия в XX веке. Москва: РОССПЭН.

10. Медетбек, Т. (2009). Қазақ деген халық бар. Астана: Фолиант.

11. Майбас, Т. (2022). Құрмалдық. Түркістан: Тұран баспасы.

М. ӘНУАРБЕК,
публицист

P.S. Бұл мақаладағы фотосуреттер ғаламтордан алынды

ТӨЛЕБИДЕ БАЛАЛАРДЫ ЖЫЛ 12 АЙ САУЫҚТЫРУДАН ӨТКІЗЕТІН ЛАГЕРЬ АШЫЛДЫ

Енді Түркістан облысының балалары жыл 12 ай сауықтыру лагерінде демала алады. Бұл президенттің тапсырмасына сәйкес балаларға бағытталған жыл бойғы лагерьлер идеясы аясында қолға алынды. Түркістан облысы әкімінің тікелей қолдауымен жүзеге асқан - Төлеби ауданы Тасарық ауылдық округіндегі «Алатау» лагері - әлеуметтік қорғау жүйесінен босаған ғимараттың облыстық білім басқармасының теңгеріміне өтіп, бүгінде сол жерде жыл бойы жұмыс істейтін оқу-сауықтыру орталығының ашылуы өтті.

«Алатау» оқу – сауықтыру лагерінде жыл бойы 5 мыңдай оқушының демалып, білім алуына мүмкіндік бар. Лагердің ашылу салтанатына Түркістан облысы әкімінің орынбасары Бейсенбай Тәжібаев, облыстық мәслихаттың депутаты Ғалымжан Елшібай, Төлеби ауданының әкімі Еркеғали Әлімқұлов, Білім саласының ардагері Ардақ Мәдіханқызы мен ұстаз, тарихшы, қоғам белсендісі Өмір Шыныбекұлы сөз сөйлеп, лагердің алғашқы демалушыларына жаз қызығын көңілді өткізулеріне сәттілік тіледі.

- Балалардың жазғы сауықтыру демалысы қызықты, әріп қауіпсіз өтуі - басты назарымызда. Бұл лагерь 300 орынға арналған ғимарат бұған дейін әлеуметтік қызметтер ұсынатын мекемеге қарасты болған. Сауран ауданында жаңа 50 орындық оңалту орталығына көшірілген соң нысанды білім басқармасының теңгеріміне өткізіп, демалыс аймағына айналдырдық. Ағымдағы жөндеу жүргізілді. Жаңа 270 шаршы метрлі бассейн салынды. Лагерь аумағында асхана, акт және спорт залы, жазғы концерт алаңшасы бар. Материалдық-техникалық базасы түгел жаңартылды. Енді жаз мезгілінен бөлек, өңірдегі үздік оқушылар, спорт пен өнерді облыстың намысын қорғап жүрген балалар жылдың басқа мезгілдерінде де кезең-кезеңімен осында демалуға мүмкіндік алды,- дейді Бейсен Дәулетұлы.

Сондай-ақ, «Тау барысы» жазғы сауықтыру лагерінде 9 модульді нысан қолданысқа тапсырылды.Бұл лагерь 180 балаға арналған және жаз бойы жұмыс істейді. Заманауи талаптарға сай жабдықталды. Әрбір 20 орынға бір жауапты жетекшіден қарастырылған. Жас буынның жайлы әрі қауіпсіз жағдайда тынығуына барлық мүмкіндік сыйлайды. Лагерьдегі оқушылар ұлттық, спорттық, экологиялық, туристік, танымдық, шығармашылық жалпы барлық бағыттарда дамиды. Түрлі мәдени-рухани іс-шаралар, экспедициялар ұйымдастырылады.

Айта кетейік, биыл балаларға жасалған ерекше қамқорлық - модульді лагерь жобасының қолға алынып, сәтті жүзеге асырылуы. 5 мемлекеттік лагерьде 52 модульді корпус салынды. Нәтижесінде, 8 мыңға жуық қосымша орын ашылып, сауықтырудан өтетін балалардың саны артты. Модульді корпустар тау бөктерлерінде, заманауи, әрі санитарлық талаптарға сай, жылдам және тиімді қаражатпен бой көтерді. Модулді лагерь жобасы “Балауса”, “Балдәурен”, “Тау нұры”, “Тау барысы” лагерлерінде қолға алынды. Осы аптада Бәйдібек ауданы «Тау шыңы» балалар жазғы демалыс лагерінде үшінші маусымның басталуы мен жаңа 10 модульді корпустың ашылуына арналған салтанатты іс-шара өтті. Бір ауысымда 200-ден астам баланы қабылдайды. Бұған дейін екі ауысымда оқушылар демалып үлгерді.

Нұрлан СҰЛТАНБЕК,

Түркістан облыстық білім басқармасының баспасөз хатшысы





ЖЕҢІСКЕ - 80 ЖЫЛ

ҚАНМЕН жазылған тарих

ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС, АЛ КЕҢЕС ХАЛҚЫ ҮШІН – ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ТАРИХТА АУЫР ҚАСІРЕТ ПЕН ЖАУЫНГЕРЛІК ЕРЛІКТІҢ СИМВОЛЫНА АЙНАЛДЫ. БҰЛ ҚАН МАЙДАН ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ҮШІН ДЕ ОҢАЙ СОҚПАДЫ. ТӘНІ ЖАРАЛАНЫП, ЖАНЫ КҮЙЗЕЛГЕН СҰРАПЫЛ СОҒЫС ТАЛАЙ БОЗДАҚТЫҢ ӨМІРІН ЖАЛМАДЫ. БІРАҚ ОЛАР ОТАН АЛДЫНДАҒЫ БОРЫШЫН АБЫРОЙМЕН ӨТЕП, ЕРЛІК ПЕН ЖАНҚИЯРЛЫҚТЫҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІН КӨРСЕТТІ. ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ – ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ ҚАСІРЕТІН ЖҮРЕГІНДЕ САҚТАҒАН, ЕРЛІГІМЕН ЕЛ ЕСІНДЕ ҚАЛҒАН АРДАГЕРЛЕРДІҢ МЕКЕНІ. БҮГІНДЕ ӨҢІРДЕ КӨЗІ ТІРІ 8 МАЙДАНГЕР, 154 СОҒЫСҚА ҚАТЫСУШЫ МЕН МҮГЕДЕКТЕРІНЕ ТЕҢЕСТІРІЛГЕН АЗАМАТ ТҰРАДЫ.



ҚАН МАЙДАНДЫ КӨЗІМЕН КӨРГЕН

Кешегі қан майданда оқ пен оттың ортасында жүріп, күн сайын өліммен бетпе-бет келген жандардың бірі – Қалмен Мұратов. 1924 жылы 21 ақпанда Ордабасы ауданы, Бөржар ауылына қарасты Сталин колхозында дүниеге келген ол соғыс басталған жылдары жасөспірім бала еді. Бір күнде дүние астаң-кестең болып соғысқа алынды. 1942 жылы 18 жасында отан алдындағы борышын өтеуге аттанды. Алғашқыда Аягөзде командирлік курсында үш ай оқып, кіші сержант шенін алады. 1942 жылдың аяғында Калинин облысына жеткізіліп, Мәскеу шайқасының ішінде болады. Тарих беттерінде сұрапыл саналатын Мәскеу ұрысында жанқиярлық танытып, ерлікпен күреседі. Бүгінде 101 жастағы майдангер сол сәтті былай еске алады:

Қалмен МҰРАТОВ, соғыс ардагері:

- Дайындалдық, бәрін киіндірді, ауыстырды, барлығын ауыстырды. Жүрген жүрістерді үйретті. Бәрін үйретті. Соғыста қандай болу керек бәрін үйретті. Немістердің біразын көрдік. Кейіннен атака жасап қырды ғой. Және басқа адамдар келді. Түгел адам көбейгеннен кейін соғысты. Қасымызға армиялар келді. Көбейіп кеттік.

Қалмен Мұратов Мәскеу шайқасына қатысады. Отты майданның нағыз ортасында жүріп, Белорусь, Витебск, Ржев бағыттарындағы ауыр ұрыстарда ерлік көрсеткен. Ғасырмен құрдас ақсақалдың соғыс жанына салған жарасы әлі жазылмаса керек, ол жайлы айтқысы келмейді. Тек бүгінгі бейбіт күннің жастары ең керемет, ең ғажап өмір сүріп жатқандығын тілге тиек етіп, ары қарай соғыс деген нәубеттің аты өшсін деп тілейді: «Соғыс – бейбіт күннің бағасын білгізетін сын еді. Көпті көрдік. Қиындықты еңсердік. Енді сол күндер ешқашан қайталанбасын»

Батыр МҰРАТОВ, соғыс ардагерінің ұлы

- Соғыстан келгеннен кейін де айтып оты-



ратын қиыншылықтарын.Алғаш 17 жасында армияға шақырып, Арыстан составты жинап Аягөзге апарып сол жерде командирлік мектептен өткен.екен.

МӘСКЕУ ШАЙҚАСЫ ӘЛІ КҮНГЕ КӨЗ АЛДЫНДА

II дүниежүзілік соғысындағы ірі шайқастардың бірі - Мәскеу шайқасы. Бұл шайқас 1941 жылдың 30 қыркүйегі мен 5 желтоқсан аралығында қорғаныс ұрыстары деп аталса, 1941 жылдың 6 желтоқсанынан 1942 жылдың 20 сәуіріне дейін қарсы шабуыл кезеңдерін қамтиды. Жалпы сұрапыл соғыстың отты кезеңдерінің біріне жататын бұл шайқас туралы сарбаз ақпараттық желісі былай деп жазады: «Неміс қолбасшыларының «Тайфун» атты арнайы шабуыл жоспары бойынша Мәскеуді басып алуды Германияның «Орталық» армиялар тобы жүзеге асырмақ болды. Бұл топ резервтегі әскерлер мен кеңес-герман майданының басқа шептерінен жіберілген бөлімдермен, әскери техникамен күшейтілді. 1941 жылы қазан айының басында неміс-фашист әскері Мәскеу қаласына айтарлықтай жақындады. Қазан айының 8-і күні гитлерлік насихаттың министрі доктор Геббельс «Кеңес мемлекетінің астанасын иеленуге аз-ақ қалғаны және көп ұзамай Кремль мұнарасынан Ұлы Германияның туы желбірейтіні» туралы хабарды Берлин радиосынан таратуға асықты. Себебі неміс басқыншылары Париж, Вена, Прага, Осло қалаларынан соң Мәскеуді де шұғыл басып алуды көздеді. Мәскеу жан-жақты қорғанысқа кірісті. Қаланы қорғап қалу мақсатында жүргізілген инженерлік жұмысқа 450 мың адам жұмылды. Оның ішінде 50 мыңы студент, ал, жұмысшылардың 75 пайызы әйел заты болды. Лондон, Ливерпуль, Бирмингем, Бристоль, Варшава және Роттердам қалаларын бомбалағанына қарамастан, Мәскеу әуе қорғанысына барынша көңіл бөлді. Әуедегі ұрыс кезінде қала тұрғындары үшін әлемдегі ең ірі және сенімді метро қызмет етті.

Ақмарал ТОМАНОВА, тарихшы:

- 1941 жылы соғыста немістер «Тайфун» жоспарымен Москаваны алмақшы болған. Алайда совет әскері беріле салмай, асқан ерлікпен қарсы тұрды. Шайқастардың нәтижесінде қарсыластар батысқа қарай 400 шақырымға дейін қуылып, Мәскеу, Калинин және Тула облыстарының ондаған қаласы мен жүздеген селосы басқыншылардан азат етілді. Қызыл Армияның қарсы шабуылы нәтижесінде жаудың «Орталық» армиялар тобы орасан зор шығынға ұшырап, 500 мыңдай адамынан, 1300-дей танкісінен, 2500 зеңбірегінен, 15 мыңнан аса автокөлігінен айырылды. Мәскеу шайқасында фашистік армия алғаш рет ауыр жеңіліске ұшырап, күйрей соққы алды. Мәскеу шайқасы 2-дүниежүзілік соғыстың барысындағы түбегейлі бетбұрыстың бастамасы болып, Гитлерге қарсы одақтың қалыптасуын тездетті.

Тап осы сұрапыл ұрыста Қалмен Мұратов та болған еді. Отты майдан жылдарын өз көзімен көрген ақсақал Мәскеу үшін шайқастан соң Беларусия майданына аттанады. Ол одан соң Ржев-Великие Луки және басқа да көптеген қалаларды азат етуге қатысады.

БЕЛОРУСИЯ ШАЙҚАСЫНДАҒЫ ЕРЛІК

Қалмен ардагердің ерлікпен көзге түскен тағы бір ұрыс даласы - тап осы Белорусия шайқасы еді. Екінші дүниежүзілік соғыста 1944 жылдың 23 маусымынан 29 тамызға дейін Совет қарулы Күштері жүргізген аса ірі стратегиялық шабуыл операцияларының бірі. Операция Батыс Двинадан Припять өзеніне дейінгі және Днепрден Висла мен Нарва өзендеріне дейінгі орасан зор аумақты қамтыды. Қалмен Мұратов тап осы ұрыс даласында кеудесін оққа тосып, қасық қаны қалғанша күресті. Қалмен ардагер қанды шайқастардың бірі Ржев-Великие луки қаласын қорғауда да асқан ерлік көрсеткен. 1944 жылы Белорусияның Витебск қаласының маңындағы қанды ұрыста қарша боратан оқ пен граната жарықшағы тиіп, қолы мен білезік буыны жарақаттанады. Содан кейін II топтағы мүгедектікпен елге қайтарылады. 1947 жылы Бөржар елді мекенінде бригадир болып істейді. Адамгершілік қасиеттерді алға қоятын адал жан елге сыйлы, ұжымдастарының арасында беделді болады. Көп ұзамай отбасын құрып, 18 перзент тәрбиелейді. Бірақ сол кездегі дендеген қызылша ауруынан 10 перзенті бірдей көз жұмып, қазіргі күнде тек 8-і бар. Ұл-қыздарының барлығы дерлік өмірден өз орнын тапқан, осындай әкесінің барын мақтаныш етеді. Адам ұрпағымен бақытты, ұрпағымен мың жасайды емес пе? Қалмен ақсақалдың бүгінде 34 немере, 85 шөбересі бар. Ғасыр жасаған ардагер күні бүгінге дейін өзі жүріп-тұратын. Өткен кеткенді еске алып, жастарға өсиет айтып отырушы еді дейді ауыл тұрғындары. Қазыналы қарияның сөйлеген сөзінен маржан тергендей болушы едік дейді олар. Бірлік пен татулықтың бастауы сияқтанып отыратын ардагер үйінің берекесі, ұйытқысы іспетті. Қарттықтың шуақты сәтін сезініп, отбасының қамқорлығында отыр. Соғыста көрсеткен ерлігі үшін I дәрежелі «Отан соғысы», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған.

АЛТЫ ЖЫЛ СОҒЫСТА БОЛҒАН АРДАГЕР

Соғысты өз көзімен көргендерден қалған қарт майдангердің бірі - Ахметжан Анартаев. Биыл 99 жасқа толған қария қан майданда бастан өткерген азабын ауыр күрсініспен еске алады. 1926 жылы 10 қарашада Сайрам ауданындағы Қарабұлақ ауылында дүниеге келген ол 1944 жылы 5 мамырда әскерге шақыртылғанда 18-ге енді толған бала еді. Алайда ер атаулы етігімен су кешкен заманда ол елде қалған естияр азамат ретінде еңбекке ерте араласып еді.

Ахметжан АНАРТАЕВ, соғыс ардагері:

- Мен ұрысқа 1944 жылы ноябрь айында алып кетті. Шымкентке барып, жолаушы поезына отырып сол кеткен бойда Жамбылға, әрі қарай Аягөз, Семейге кеттік. Күн қақаған суық, тізеден келетін қар жатыр жерде. Тісіміз тісімізге тимей жаурап кеткен соң, теміржол моншасына кіріп, бой жылыттық. Аузымызға шүберек берді, сонымен бетімізді қалқалап 20 шақырым жерге кешқұрым бардық. Таңертең ерте тұрғызып, солдаттың киімін берді, Шинель, бәтіңке дегенді бірінші рет көрдім сонда. Сол жерде үш ай үйреткен соң бізді соғысқа жіберді. Көктемге жақын майданға қосылдық.



Ахметжан ақсақал ұрыс даласында небір нәубетті көрді, майдандастарының денесін жинады. Жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арасында арпалысты. Қатігездікті өз көзімен көрген жас солдаттардың жүректері тасқа айналып, гүлдей ғұмыры ажал тырнағына ілініп жатты. Қақаған қыста суыққа тоңып, одан бөлек аштықтың да азабын көрді. Бір үзім нанды майдандастарымен бөлісіп жеді, бірақ соғыс даласындағы әрбір солдаттың жүрегінде патриоттық сезім басым еді. Олар қиындыққа налығаң жоқ, отан қорғауда абыроймен қызмет етті.

Ахметжан АНАРТАЕВ, соғыс ардагері:

Польшаға бардық, линия тура келмейді екен. Тауарный пойызбен тура Германияға өтіп кеттік. Түнде орманға кіріп кеттік, шөлдеп бара жатырмыз, «Пить хочу» дейміз. «Где вода?» дейді. Қанша күн орманда болдық қой, бір бөлке нан береді. Жартысын мен аламын, жартысын қасымдағы адамға беремін. Сөйтіп итшілеп жүргенде, бір күні кенет, таңертең таңғажайып хабар естідік қой. «Война кончился, победа за нами» деген. Бірақ соғыс бітсе де бізді Германияда жағдайды бақылау үшін алып қалды. Сосын Чехословакияға алып кетті. Мен десантный армияда парашютист болдым. 6 жыл дегенде казармаға қожайындар кіріп қалды, жағдайымды сұрады. Сонда «елден кеткелі бір хабар бере алмадым, олардың да не тірі, не өлі екенін білмеймін», - деп едім, бір айға елге барып қайтуға рұқсат берді.

Ахметжан ақсақал соғыс өрті тұтанып тұрған шақта майдандастарының өліміне қайғыратын. Топырағын қазсаң, су шығып, қаза тапқан солдаттардың денесін арулап көмудің өзі мұң болған шақты тіпті қазірге дейін есіне алғысы келмейді. Сұм соғыс тіпті ұрлыққа да итермеледі дейді ақсақал. Соғыста ас ішетін қасығы жоғалып кетпес үшін ол бір үйден қасыққа байлайтын шынжыр ұрлап алыпты. Ол да қан майданда қажеттіліктен туған жағдай еді дейді ақсақал. Ақсақал соғыстың төрт емес, алты жылға созылғанын, алапат шайқаста жиырма миллионға жуық жауынгердің қырылып, тағы ондаған миллион бейбіт тұрғын мерт болғанын айтады. Екінші дүниежүзілік соғыстағы ірі шайқастардың бірі Польшаны азат ету шайқасына қатысқан майдангер кескілескен ұрыста аман қалып, жарақат алмастан 1949 жылы 10 сәуірде елге оралады. Соғыстағы ерлігі үшін II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Германияны жеңгені үшін» медалімен және бірнеше мерейтойлық медальдармен марапатталған. Алған алғыс хаттарында есеп жоқ.

Ғасыр жасаған қария бүгінде қара шаңырақта кенже ұлын алып қалған. Күтімі жақсы. Ұл-қыздары жиі жағдайын сұрап келіп тұрады, ауыл әкімдігі де жиі бас сұғады. Бүгін де Сайрам ауданы, Қарабұлақ ауылындағы 25





санды Д.Қонаев атындағы колледждің «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клуб взводы ардагерге сәлем бере келіп, арнайы құрмет көрсетті. Ахметжан ақсақалдың бүгінде 45 немересі, 87 шөбересі мен 13 шөпшегі бар. Ғасыр жасаған ардагер өткен кеткенді еске алып, жастарға өсиет айтып отырады. Бірлік пен татулықтың бастауы сияқтанып отырған ардагер ұл-қыздарына тағылымды тәрбие берген.

Жалпы, Екінші дүниежүзілік соғысқа 1 миллион 200 мыңнан астам қазақстандық қатысты. Жартысы майданда мерт болды, яғни 600 мыңнан астамы туған жерге оралмады. Ал соның ішінде Оңтүстік өңірден 140 мыңнан астам сарбаз майданға аттанған болатын, солардың тең жарысы ғана елге аман оралған. Дүниені дүр сілкіндірген соғыстың аяқталып, жеңіс туы желбірегеніне биыл тұп-тура 80 жыл!

ҚАН МАЙДАННЫҢ АСА МАҢЫЗДЫ АРСЕНАЛЫ

Айта кетейік, Қазақстан Ұлы Отан соғысының аса маңызды арсеналдарының біріне айналды. Қаһарлы кезеңде қазақ даласынан майданға әскери, қару-жарақ, азық-түлік тиеген эшалондар үсті-үстіне жөнелтіліп жатты. Қарағанды көмір комбинаты, Шымкент қорғасын зауыты, Балқаш мыс қорыту зауыты, Лениногор полиметалл комбинаты, Ембі мұнай кәсіпшіліктері майдан тапсырмаларын мүлтіксіз орындап отырды. Қазақстанда түсті металлургияның сан алуан салалары пайда болды. Вольфрам және молибден өнімдерін, сурьма,висмут, т.б. түсті прокатты өндіру ісі басталды. Неміс-фашист басқыншыларымен кескілескен шайқастар кезінде Қазақстан бүкіл одақта өндірілген қорғасынның 80 пайызын, молибденнің 50 пайызын берді. Бұған қосымша, өндірілген вольфрам, мырыш пен қалайы қоспалары, мыс, алтын, күміс және баска түсті металдар өз алдына бір тізбе. Гитлершілерге атылған әрбір он оқтың тоғызы Қазақстанның қорғасыны, жезі мен мысынан жасалғаны мәлім. Сын сағатта майдан мен тылдың, армия мен халықтың бірлігі еңбекшілердің патриоттық қозғалысынан да айқын көрінді.

ЖЕҢІС КҮНІНЕ ОРАЙ ҚҰРМЕТ

Түркістан облысындағы ардагерлер – Ұлы Отан соғысының қасіретін өз көзімен көрген, ерлігімен ел есінде қалған қаһарман жандар. Сондықтан Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында Түркістан облысы әкімдігі ардагерлерге құрмет көрсетті. 2025 жылы көзі тірі санаулы ардагердің әрқайсысына 5 миллион теңгеден біржолғы материалдық көмек көрсетілді. Сонымен қатар, соғысқа қатысушылар мен мүгедектеріне теңестірілген азаматтарға 50 мыңнан 120 мың теңгеге дейін біржолғы қаржылай көмек берілді. Барлығы 3 305 адамға 242 миллион теңге көлемінде көмек көрсетілді . Бұл – әрине, қан майданды көзбен көрген қариялардың ерлігінің өтеуі бола алмайды. Дегенмен, осы бейбіт күн үшін жанқиярлықпен күрескен майдангерлерге көрсетілген алғыс. Жеңіс күнін жақындатқан, жеңіс үшін отқа кеудесін төсеген соғыстың соңғы сарбаздарының өмірі – бүгінгі ұрпаққа патриотизм мен елжандылықты, ерлік пен еңбекқорлықты үйрететін алтын сабақ.

Мәриям ӘБСАТТАР,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

ДОСТАРДЫҢ МАХАББАТЫ

ПОВЕСТЬ

Фатма ГҮНЕР

Түрік тілінен аударған ***Гүлжаз ҚАРЫБЕК***



— Ал, кеттік, балам. Дайынсың ба? Мектебіңе апарып тастайын, одан кейін мен жұмысқа асығамын, — деді Мұхсин мырза көліктің кілтін іздей жүріп.

— Дайынмын, Әке... Бірақ бүгін мектепке барғым келмей тұр. Сізбен барсам деп едім...

— Балам, мектепке бармаған күндерің онсыз да көбейіп кетті.

— Бүгін де мені өзіңізбен ертіп алыңызшы. Сіздің жұмысыңызды көргім келеді. Үйренгім келеді. Уақыты келді деп ойлаймын, Әкешім.

Мұхсин мырза баласының бетіне қарап жымиып қойды.

— Қоя тұр, әлі кішкентайсың. Әзірше бәрінен маңыздысы — оқу. Сабақ оқуың керек.

— Сабақты да қалыс қалдырмаспын. Екеуін қатар алып жүре аламын.

— Екеуін қатар?! Үлгеріміңнің өзі мәз емес қой...

— Уайымдамаңыз, келесі сыныпқа өтемін. Көшемін, міндетті түрде!

Ас үйдегі дөңгелек үстел жанында Айтен шай ішіп отырған. Бірақ көзі кітапта болса да, құлағы бұл екеуінде еді. Ең аяулы екі адамының осылайша өзара тартысуы — сырттай бір жарасым тапқан көрініс секілді. Әйтсе де, ана жүрегі баласының көңілі қалмасын дейтін. Хакан не десе, соған көнгісі келетін. Қалағанын орындайтын. Көктегі жұлдызды сұраса, соған апарар жол іздейтін. Хакан ренжімесін деп, тіпті екінші бала туралы да ойланбай қойған...

Айтен орнынан жаймен көтерілді.

— Жалғыз ұлымызды неге ренжітіп жатырсың? Сенен қалғысы келмесе, барсын. Бір күн мектепке бармай-ақ қойсын. Жеке ұстазы бар емес пе, қосымша екі сабақ алса жетеді.

Мұхсин мырза әйеліне назар салды. Аққұба жүзді, сымбатты, нәзік, кірпік қақса, көңілі қоса қозғалардай. Үй шаруасының гүлі еді. Үнсіз, мейірімді, жинақы. Бар пейілін күйеуі мен ұлына арнайтын. Мұхсин мырза оның кіршіксіз көңіліне көлеңке түсіргісі келмейтін. Сол себепті ұлына қатаң тәрбие бере алмай жүргені де рас еді. Әке болғанымен, баласының дегенінен аса алмайтын.

— Жарайды, жаным... Ал, тентегім, тағы да сен жеңдің, — деп күлді. — Жүр, көлікке отыра ғой. Бүгін саған жұмысым туралы біраз сабақ берем. Бірақ сабағыңды ұмытпа, келісеміз бе? Өскенде бәрін саған тапсырамын.

— Сау бол, Айтенім! — деді Мұхсин мырза көлік есігін жаба жатып.

Айтен жымиып, екеуін шығарып салды. Көліктен әке мен бала қол бұлғап кетті. Анасы босағадан ұзап бара жатқан екеуіне қарап тұрып, жүрек жылуын іштей тілекке айналдырды.

Үйге кіріп, үйреншікті тірлікке көшті. Аспаз бен қызметшіге күнделікті тапсырмаларын беріп, кейін ұлына қажетті заттарды алу үшін базарға аттанды...

...

Ертесі күні мұғалім Хаканды шақырып алды.

— Кеше неге сабаққа келмедің, Хакан? — деді қатаңдау үнмен.

— Әкеммен бірге болдым, Ұстазым, — деді Хакан саспастан.

— Әкеңмен бірге?.. Неге оқуыңды тастап, соңынан ердің?

— Әкем мені фабрикасына ертіп апарды...

Мұғалім ауыр күрсінді.

— Жақсы. Бірақ кеше біз математикадан жаңа тақырып бастадық. Енді оны қалай меңгересің?

— Досымнан үйренемін, ұстазым, — деді Хакан сенімді дауыспен.

— Әрдайым солай дейсің... Бірақ үлгерімің мәз емес. Ертең әкең немесе шешең сабақтан соң маған жолығып кетсін.

— Жарайды, ұстаз.

Қоңырау соғылысымен Сәлім Хаканның қасына ұмтылды.

— Хакан, кеше қанша ақша тапқанымды білесің бе? — деді сыбырлай.

— Қайдан білейін? — деп жымиды Хакан.

— Тура үш миллион лира!

Хакан күліп жіберді.

— Не болды, үш миллион сағаң аз көрінді ме? — деп Сәлім шамданып қалды.

— Бұл ақша біздің үйдің бір күндік шығынына да жетпейді, — деді Хакан жай ғана. — Бірақ сағаң аз болуы мүмкін емес. Сен еңбекпен таптың ғой. Құттықтаймын!

Сәлім: Күндердің күнінде мен де бай болам. Өз еңбегіммен үй де аламын, көлік те аламын.

— Айтқаның келсін, досым! Бірақ қалай?

— Жұмыс істеймін! Қазірден әртүрлі тірлікті үйреніп жатырмын.

— Қандай тірлік сонда?

— Одан да "Қандай тірлік істемедің?" деп сұрасаңшы! — деп күліп алды Сәлім. — Симит саттым, газет тараттым. Туристер көбейген кезде карта, естелік бұйымдар сатамын.

— Қалай сатасың? Тіл білмейсің ғой?

— Ыммен-ақ жеткізем! Әрі тіл де үйреніп жатырмын. Әсіресе ағылшын, испан, неміс тілдерінен көп сөз жаттадым.

— Иә, кім не десе, о десін, — деп сөзін жалғады Сәлім. — Жұмыс істеп, ақша табу — адамға ерекше ләззат сыйлайды екен. Мен еңбек етуді қатты жақсы көремін.

Қоңырау тағы соғылды. Барлық балалар асыр сала сыныпқа қарай жүгірді. Хакан да асығып есікке жеткен. Бірақ дәл кіреберісте сыныптың бұзық баласы аяғынан шалып қалды. Хакан жерге гүр етіп құлай кетті. Сыныптағы балалар ду етіп күлді. Тек Сәлім ғана күлмеді. Ол ұшып тұрып, досына қолын созды.

— Арықтап кетіпсің, досым, — деді жанашырлықпен. — Болмашыға да жығылып қалатын болдың ғой.

Хакан үнсіз басын изеді. Іштей өзін бір түрлі әлсіз сезінген еді...

Түрік тілі сабағы басталып кеткен еді. Хакан — ең жақсы көретін пәніне кіріскенде көңілденіп, кітабын асығыс шығара бастады. Сол сәтте:

— А-а-а-ай! — деп орнынан атып тұрды.

Балалар ду етіп күлді. Мұғалім бірден сабырға шақырды:

— Болды, балалар! Тыйылыңдар! — деді де, Хаканға бұрылды. — Балам, не болды?

— Ештеңе болған жоқ... — деді Хакан ұялған күйі.

— Онда неге бақырдың?

— Қолымды сөмкеме қыстырып алдым, байқамай... — деп күмілжіді ол.



Сабақтан кейін Сәлім тағы да Хаканның қасына келді.

— Неге мұғалімге қолыңа ине тыққанын айтпадың? — деді сыбырлай.

— Қалай айтам? Сыртқа шыққан соң ұрады ғой...

— Жә, әрдайым осылай басыңды иіп жүре бермексің бе?

— Қолымнан басқа не келеді?

Сәлім досының жүдеу жүзіне аяушылықпен қарап:

— Өте арықсың. Қажырлы болуға тырыс. Үйіңде тамақ мол, жақсылап та-



мақтан. Күш жина. Сонда саған ешкім әлімжеттік жасай алмайды, — деді.

— Иә, дұрыс айтасың... Бірақ мен жей алмаймын. Тамақ жұтылмайды, нан тамағымда тұрып қалғандай болады.

— Мені қойшы... Бағанағы әңгімені аяқтайықшы. Сонда сен оқымайсың ба?

— Оқуымды тастамаймын, — деді Сәлім. — Жұмыс істесем де, сабағымды қатар алып жүрмін. Сабақтан да қалмаймын, үлгерімім де жақсы. Ал сен ше? Сенің жағдайың бізден әлдеқайда жақсы. Үйде сенің айтқаныңды екі етпейді. Жеке мұғалімің де бар. Анаң мәдениетті кісі. Соның өзінде сабағың орташа. Егер мен сенің орныңда болсам, тек "өте жақсы" деген бағадан басқа алмас едім!

— Тамақ та жемеймін дейсің... — деді ол сөзін жалғап. — Әрине жей алмайсың. Біз секілді алаңда доп қуалап, жүгіріп ойнамайсың. Үйіңе де көбіне көлікпен барасың. Алысып ойнайтын бауырың да, бірге асыр салатын досың да жоқ...

— Ойбай, Сәлім! — деп күлді Хакан. — Тура бір өлең оқып отырғандай төгіліп-төгіліп жібердің ғой.

— Жарайды! — деді Сәлім арқаланып. — Мен сенімен қол күрестіргім келеді. Барсың ба?

— Әлбетте! — деп жауап берді Хакан, жеңін түре бастады.

Балалар күрес жайлы естіген бойда ойындарын тастап, топтаса қалды. Ішінен біреуі әзілдеді:

— Сәлімге қараңдар! Пудинг балаға қарсы шығыпты ғой! Күшің көп болса, менімен күрессей!

Әли болса күліп:

— Сәлім, ұят емес пе? Қалай дегенмен де жеңетініңді білесің ғой.

Хасан да сөз қосты:

— Кәстөміңді шешкеніңе тұрмайды ғой, Сәлім.

Сәлім оларды елемеді:

— Тыныш болыңдаршы! — деді қатқыл үнмен.

Тура қолдарын түйістіре бергенде, қоңырау соғылды. Балалар ду етіп күлді:

— Осы Хаканның жолы болғыш-ақ! Жеңілуден аман қалды!

Әрқайсысы сыныпқа қарай асықты.

Осы кезде Өмер есікке қарай жүгіріп келе жатқан Хаканның аяғын шалып өтті. Байғұс бала жерге домалап түсті. Балалар тағы да мәз болып күлді. Бірақ бұл жолы Сәлімнің шыдамы таусылды. Ол бірден Өмердің жанына жетіп барып, жағасынан алды.

— Саған не керек Хаканнан? — деп ызаланды. — Өзіңнен әлсізге күш көрсеткенге ұялмайсың ба? Бұдан былай Хаканға кім қол көтерсе, алдымен менімен ісі болады!

— Саған не керек өзі? Біреу саған тиісті ме? — деп қарсы келді Өмер.

— Хакан — менің досым! Аяғыңды аңдап бас! Егер тағы қайталанса, менен жазаларыңды көресіңдер! — деп Сәлім Хаканды қорғап қалды.

....

— Сәлім, біз үйде бес жанбыз. Күніне үш миллион лираға тіршілік етіп жатырмыз дейсің. Сонда сен қайтіп мұндай қайратты

болып жүрсің? — деді Хакан таңданысын жасыра алмай.

Сәлім кеңк-кеңк күліп алды:

— Жұмыс істеймін, досым. Тамақты шын ықыласпен, шүкірлікпен ішемін. Күні бойы туристердің соңынан қалмай шапқылаймын. Аштық құрсауынан әрең шығып, үйге жетемін. Ас болмаса, пиязды нанға орап, айранмен бірге рахаттана асатамын. Сол сәтте өзімді патшадай сезінемін, — деп, кеудесін көтере сөйледі.

Хакан оның сөздерін ықыласпен тыңдады. Ішін бір жылылық кернеп өтті.



— Айтқандарыңның бәрі шынайы, Сәлім! Сен өте ақылдысың, нағыз доссың, — деді ол құрметпен. — Мені де араларыңа қосар ма едіңдер? Мен де сендермен бірге доп қуалап, ойнағым келеді.

Сәлімнің көзі жарқ ете қалды.

— Әрине қосамыз! Тек шын ықыласпен келсең болды, — деді жайдарлана.

Хаканның жүрегі алып-ұшып, қуаныштан кеудесіне сыймай бара жатты. Көз алдына өзі доп қуалап шапқылап жүрген бейне келді. Шаршап, қатты ашыққанда, тәбеті де оянып, анасы дайындаған тамақты шын көңілмен жейтінін елестетті. Енді ешкім оны "пудинг бала" деп мазақтай алмас еді. Ине қадайтындар да табылмас.

Өмір шындығы қатал: әлсіздерге күлкі, күштілерге құрмет. Өмірде өз жолыңды табу үшін, алдымен өзіңе сенуді үйрену керек. Әкенің малы баланың өміріне қорған бола алмайды. Мектепте көрген әлімжеттікті ұстазға жеткізсе, жағдай тек қиындай түсер еді. Ашуға булыққан балалар одан бетер тиісер еді. Үйіне айтып шағымданса, әке-шешесі қорыққаннан мектептен шығарып алар еді. Анасы болса қайғыдан есеңгіреп қалар еді. Ал Хакан нағыз жалғыздықтың қандай болатынын сол кезде шынайы сезінер еді...

Бірақ бүгін бір ерекше үміт оянған. Достарымен бірге доп қуалайтынына көңілі шат еді.

Алайда мектеп қақпасына жақындағанда қуанышы су сепкендей басылды. Оны үйіне алып кететін көлік күтіп тұрды. Анасы баласын асығыс қарсы алып, мектеп киімдерін шешкізіп, таза киімдерін кигізді. Қолын жудыртып, дастарханға отырғызды.

— Ал, балам, ананы да же, мынаны да же, — деп шын көңілімен ас ұсынды.

Хакан анасын ерекше жақсы көретін. Бірақ қанша тырысса да, анасының үмітіндей мол тамақ жей алмай қиналатын. Әр қасықты зорлана жұтқанда, анасының жүзіне мұң үйірілетінін сезетін.

Көз алдына тағы да алаңда арсаландап жүгіріп жүрген, доп қуып шаршаған шағы келді. Қатты терлеп, шын ашығып, аузына айран тиген сәтті елестетті. Сол кезде ғана тамақтың дәмі шын сезілетін еді. Сонда өзі де, анасы да бақыттың нағыз дәмін татқандай болар ма еді?

Бұл ойлар көз алдынан кино таспасындай жылжып өтті. Әр көрініс – бір сағыныш, бір арман.

Үйіне барғысы келмеді. Енді шын бостандыққа бет алғандай, дос-жаранмен бірге алаңда доп қуалап, «Гоооол!» деп айғай салғысы келді. Дәл сол сәтте шопырдың көзіне түспеу үшін Сәлімге сыбырлады:

— Сен менің алдымда жүрші, мені байқамасын.

Сәлім бір сәт бөгелместен, Хаканның алдына түсіп, екеуі мектеп ауласынан көз ілеспес жылдамдықпен ғайып болды.

Алаң – мектептің дәл жанында. Таныс топ: сегіз бала, екіге бөлінді. Сәлім Хаканды өз командасына алды. Жеңіл ғана жымиып:

— Достар, Хакан арамызға жаңадан қосылды. Алғаш рет бізбен доп ойнайды. Қателесуі мүмкін, бірақ үйреніп кетеді. Сабырмен, түсіністікпен қарайық, жарай ма? – деді.

Балалар бастарын изеп, ойын басталып кетті.

Хакан да қарап қалмады. Доптың соңынан шапқылап, барынша тырысты. Бетіне қонып қалған шаң мен тер бір-біріне жабысып, жүзінде жол-жол із қалдырды. Бірақ ол бақытты еді. Осы сәт шын өмірге ұқсады. Балалық деген осы шығар... Достармен бірге күліп, жү-

гіріп, құлап, қайта тұрып ойнау!

Кенет анасының даусы елестеді: «Ойбай, жүгірме, терлеп қаласың! Арқаңа сүлгі қояйық. Салқын су ішпе, суықтап қаласың...»

Қазір көрсе не дер еді?..

...

Шопыр бүкіл мектеп маңын шолып шыққан. Барлық бала тарап кеткен, алаңда бірде-бір жан қалмаған. Хакан да жоқ. Шопыр ішінен: «Үйге жаяу кетті ме? Жоқ, олай істемейді. Не болды екен? Ұрлап кетті ме? Әкесі өте бай адам. Мүмкін төлем талап ететіндер шығар...»

Осы оймен көлікке мініп, үйге асықты.

Айтен ханым есік алдында тұр екен. Машинадан баласының түспегенін көргенде, өңі қашып, орнында сілейіп тұрып қалды.

— Балам қайда? Әкесіне апардың ба?

— Жоқ, апарған жоқпын.

— Онда қайда?

— Білмеймін...

— Қалай білмейсің?! Таңертең мектепке апардың емес пе?

— Апардым... Бірақ содан бері көрмедім. Мектеп жабылғанша күттім. Жоқ. Басқа көлікпен үйге кеткен шығар деп келдім...

Айтен ханымның денесі қалтырап, көзі алақандай болды.

— Ұрлап кетті... Ұрлап кетті баламды! Полицияға барайық! – деді көзі алақтап, көлікке қарай ұмтылып.

Шопыр ақырын:

— Қаласаңыз, алдымен Мухсин мырзаға барайық, – деді.

Айтен ханым ештеңе естімейтіндей күйге түскен. Аяқ-қолы дірілдеп, дауысынан үрей естіледі. Күйеуіне жеткенде еңіреп жіберді:

— Баламызды ұрлап кетті! Ол мектептен келмеді. Полицияға барайық!

Мухсин мырза ашуын сыртқа шығармауға тырысып:

— Сабыр ет, Айтен. Ешкім ұрлап әкеткен жоқ. Ойынға кеткен шығар, – деді.

— Оның достары жоқ! Кіммен ойнайды?

— Сәлім деген бір баланы жиі айтып жүретін. Мүмкін, сонымен шығар. Ол бала мектепке жақын тұрады деп айтқан сияқты. Сол жаққа барып көрейік...

Екеуі мектеп маңына жетті. Көше бұрышындағы симит сатушыны көріп, Мухсин жақындады:

— Балам, сен Сәлім деген баланы білесің бе?

— Біздің Сәлім бе? Симит сататын Сәлім?

— Иә, осы мектепте оқиды дейді...

— Ааа, иә, дәл сол! Іздеген Сәліміңіз – сол бала!

— Екі көше төмен түссеңіздер, ойын алаңы бар. Сол жаққа бір қарап көріңізші, — деді симит сатушы сабырмен.

Айтен ханым қабағын түйіп:

— Біз бұл маңда босқа уақытымызды жоғалтып жүрміз, Мухсин. Біздің баламыздың симитші балалармен не шаруасы бар?



— Ол да бала, Айтен. Бәлкім, ойнап жүрген шығар. Балалықтың дәмін татып...

— Қайдам, — деді Айтен ханым иығын қиқаң еткізіп. — Сонда да қарап көрейік.

Олар асығыс ойын алаңына беттеді. Басында ештеңе байқалмады — мазасыздық көзін бұлдыр етті. Алайда... бір сәтте Айтен ханым көзін жұмып қайта ашқандай болып:

— Хаканым!!! — деп айғайлап жіберді де, көзіне жас толып, ұлына қарай жүгірді.

Өз көзіне өзі сенбеді. Міне, Хакан! Тастың үстінде достарымен қатарласа отырған. Шаң-тозаң жабысып, терге малынып, бет-жүзінде балалық іздер қаптап кеткен. Кәстөмін

шешіп, ағаш бұтағына іліп қойған. Қолында бір тілім қара нан, екінші қолында жасыл пияз. Аш қарынға тәбетпен жеп отыр.

Айтен ханым ішінен: «Алла-ай, мынасы несі?» — деп күбірледі. «Қолы кір, жүзі терден сорпа боп кеткен. Кәстөмі қайда? Әлгі нан мен пиязды мына лас қолымен жеп отыр... Ал біз оған үйде қасықпен, шанышқымен тамақ ішуге үйреттік қой...»

Дегенмен, баласының көзіндегі шынайы қуаныш ана жүрегін шым еткізді. Хакан алғаш рет шын бақытты, шын еркін.

Хакан ата-анасын көргенде таңырқап, орнынан атып тұрды. «Қалай тапты мені? Достарыма не дер екен?» — деп алаңдады. Кәстөмі мен сөмкесін алып, жанұшырып жүгіріп келді. Басы салбырап, жүздеріне тіке қарай алмай:

— Кешіріңіз, әкешім... — деді.

— Біздің қалай уайымдағанымызды білесің бе?! Анаңның хәліне қара.

— Кешірім сұраймын, әке...

— Кешірім дейсің бе? Мына көше балаларының ортасында не істеп жүрсің?!

— Жоқ, өтінем, олай демеңіз. Олар көше балалары емес, менің сыныптастарым, достарым...

Балалар да орнынан атып тұрды. Әли:

— Мырза, ойнаған балалар көше баласы бола ма?

Ахмет:

— Біздің бұзақы емес екенімізді қайдан білдіңіз?

Сәлім де шыдай алмай:

— Біз көшенің жаман балалары емеспіз! – деп бар даусымен айқай салды.

Бірақ Мухсин мырза ештеңе естігісі келмеді. Хаканның қолынан ұстап, көлікке қарай сүйреді.

Сол сәтте Хаканның көкірегінде бір дүние үзіліп түсті. Іштей жылап:

«Маған одан да ең ауыр жаза қолданғаныңыз жақсы еді... Достарыма олай сөйлегенше, ұрғаныңыз артық еді. Олар — жақсы балалар. Бүгін менің өмірімдегі ең бақытты күн еді. Ең дәмді тағамды жедім. Алғаш рет доп теуіп, алғаш рет гол салдым. Алғаш рет балалықтың нағыз дәмін сезіндім...»

Алғаш рет... алғаш рет...

Алайда қуанышы — су бүркіп өшірілген оттай лезде сөніп қалды.

Айтен ханым:

— Балам, неге хабар бермедің? Ұрлап кетті деп ойладық. Хабарласаң, бұл күйге түспес едік...

— Анашым, хабарласқанымда мені сол сәтте-ақ алып кетер едің. Топырақтың ішінде доп ойнауға рұқсат берер ме едің? Ол нан мен көк пиязды жеуге? Сенесің бе, гол соғу — ғажап екен! Олар мені қолдады, әсіресе Сәлім!

— Симит сататын Сәлім бе?

— Иә. Симит сату — күнә ма, әке? Оның отбасы қарапайым адамдар. Әкесінің табысы жетпеген соң көмектесіп жүр. Кеше ғана үш миллион лира тауыпты...

Үйге келсе дастарқан толы тағам: сэндвич, торт, жеміс, сүт... Бірақ достары жоқ. Бөліспеген ас — дәмсіз.

Келесі күні Хаканды мектепке жібермеді. Үйде жеке оқытушыдан сабақ алатын болды. Бірақ Хаканның көзіндегі жарық сөнді. Ол енді тек үнсіздікпен сөйлейтін балаға айналды.

Жаңа ойыншық, кітап, киім — бәрі бос қуыршақтай.

Ең соңында ол төсектен тұрудан қалды. Дәрігерлер келіп, кетіп жатты. Анасының көз жасы — тоқтаусыз ағын. Әкесі — шарасыз.

Бір сәтте Хаканның ерні жыбырлады:

— Сәлім... Сәлім... Кешір мені... мен келдім... Торт әкелдім... Мен сені жақсы көрем...

Айтен мен Мухсин құлақтарын тосты. Бала сандырақтап жатты:

— Қане, допты маған қарай тепші... Нан мен пияз да ала келші...

— Сәлім деген кім өзі? — деді әкесі.

— Ұмыттың ба? Симитші бала. Хакан досым деді ғой.

— Біз оны мектепке жібермей қателестік. Оның ауруы — тән емес, рух ауруы...

— Мұндайда да ыстығы көтеріле ме?..

— Білмеймін, Айтен...

Хакан тағы күбірледі:

— Ұстазым... кешіріңіз... Сабақтан қалмаймын...

Шашы терден маңдайына жабысып қалған. Анасы терін сүртті, сүйді, құшақтады.

— Жақсаршы, балам, жақсаршы... Мектебіңе, достарыңа апарамыз...

Мухсин мырза енді ғана түсінгендей:

— Иә, оны мектеп пен достары ғана емдей алады...

(Жалғасы келесі санда)



33-ҚАРА СӨЗ

Егерде мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнерлі - қазақтың әулиесі сол. Бірақ құдай тағала қолына аз-маз өнер берген қазақтардың кеселдері болады.

Әуелі — бұл ісімді ол ісімнен асырайын деп, артық ісмерлер іздеп жүріп, көріп, біраз істес болып, өнер арттырайын деп, түзден өнер іздемейді. Осы қолындағы аз-мұзына мақтанып, осы да болады деп, баяғы қазақтың талапсыздығына тартып, жатып алады.

Екінші - ерінбей істей беру керек қой. Бірекі қара тапса, малға бөге қалған кісімсіп, «маған мал жоқ па?» дегендей қылып, еріншектік, салдау-салғырттыққа, кербездікке салынады.

Үшінші - «дарқансың ғой, өнерлісің ғой, шырағым», немесе «ағеке, нең кетеді, осы ғанамды істеп бер!» дегенде «маған да біреу жалынарлыққа жеткен екенмін» деп мақтанып кетіп, пайдасыз алдауға, қу тілге алданып, өзінің уақытын өткізеді. Және анаған дүниенің қызығы алдауды білген дегізіп, көңілін де мақтандырып кетеді.

Төртінші - тамыршылдау келеді. Бағанағы алдамшы шайтан тамыр болалық деп, бір болымсыз нәрсені берген болып, артынан үйтемін-бүйтемін, қарық қыламын дегенге мәз болып, тамырым, досым десе, мен де керектінің бірі болып қалыппын ғой деп, және жасынан іс істеп, үйден шықпағандық қылып, жоқ-барға тырысып, алдағанды білмей, дереу оның жетпегенін жеткіземін деп, тіпті жетпесе өзінен қосып, қылып бер дегенінің бәрін қылып беріп, күні өтіп, еңбек қылар уақытынан айрылып, «жоғары шыққа» қарық болып, тамақ, киім, борыш есінен шығып кетіп, енді олар қысқан күні біреудің малын бұлдап қарызға алады. Оны қылып берейін, мұны қылып берейін деп, сонымен табыс құралмай, борышы асып, дауға айналып, адамшылықтан айрылып, қор болып кетеді. Осы несі екен. Қазақтың баласының өзі алдағыш бола тұрып және өзі біреуге алдатқыш болатұғыны қалай?